5.Оқиға айту (Мұғалім сыйы) Жақсылық пен Жамандық <i>Ертеде Данышпан ата өз ұрпағын сынау үшін адамның оң иығына жақсылықты, сол иығына жамандықты отырғызып қойыпты. Адам бір іс жасарда жақсылық «істе» десе, жамандық «істеме» деп сыбырайды екен. Сөйтіп адамның бойында қай қасиет басым екенін байқамаққа оны сапарға аттандырыпты.</i> <i>Адам біраз жол жүріп, өзен жағасымен шаршап келе жатса, судың жағасына шығып қалған балықты көреді.</i> <i>Балық секіріп суға жете алмай жатыр екен. Жақсылық жаны ашып:</i> <i>– Адам, ана балыққа көмектесіп жібер, – десе, Жамандық:</i> <i>– Қой, жөніңе жүре бер, уақытыңды алма, – дейді.</i> <i>Адам балықтан әрірек асып барып, мойнын бұрып қарайды. Балық шарасыздан көзі жәуітеңдеп, көмек сұрағандай болады. Адам шыдай алмай кері бұрылып барып, балықты суға салып жібереді. Балық ризашылығын білдіріп. Суда ойнақшып, секіріп, құйрығын бұлғақтатып суға сүңгіп кетеді.</i> <i>Адам одан әрі жүре береді. Бір теректің қасынан өтіп бара жатып, шыр – шыр еткен дауысты естіп тұра қалады. Қараса, кішкене ғана торғайдың балапаны ұясынан құлап қалған екен. Еңкейіп енді көтерейін деп жатса, Жамандық:</i> <i>– Осы торғайдың балапанына бола жолдан қалмақпысың? Оны көтеріп ұясына салу үшін, теректің басына шығу керек. Мерт болсаң қайтесің? Өзің далада ит – құсқа жем боласың ғой,</i>	

– дейді. <i>Адам ойланып тұрып қалады. Осы сәтте Жақсылық:</i> – Ей, адамзаттың баласы, сен әлсіздерге қорған болып, қол ұшыңды беру үшін жаратылғансың. Мына бейшара балапанды ұясына сала кет. Шарапаты тиеді, – дейді. Адам тағы да шыдай алмай балапанды алып, теректің басына өрмелеп шығып, ұясына салып кетеді. Балапан шиқ – шиқ етіп, қанатын қағып, разы болады. Адам демалып алмақшы болып отыра бергенде, аяғының астында бидайдың дәнін әрең сүйреп бара жатқан құмырсқаны көзі шалады. Құмырсқа дәннің о жақ, бұ жағына шығып, қозғауға ыңғайлы ретін таба алмай, ісі өнбей келеді екен. Адам әуелі жамандықтың айтуымен құмырсқаны дәнінен айырып тастағысы келіп оқталады да, шыр – пыр болған Жақсылықтың сөзіне құлақ түрді. Ол: – Әй, адам - ау, қалай ғана адамдығыңнан айнып кетуге әзір тұрасың. Бұл құмырсқа өзінен үлкен дәнді сүйреп, машақаттанып келе жатқанда, қол ұшыңды көрсетіп жолына салып жіберудің орнына, оны қызықтап, ермек қылғың келгені қалай? Одан да еңбек етуді осы кіп – кішкене тіршілік иесінен үйренбейсің бе? – деп налыған екен. Адам өз ойынан ұялып, райынан қайтады. Сөйтіп Данышпан ата ұрпағын алдына шақырып алып: – Міне, балам, жамандыққа ерсең жаман боласың, жақсылыққа ерсең жақсы боласың. Мен саған үш сын бердім, үшеуінен де өттің, разымын. Енді осылай адамдығыңнан айнымай, айналаңа қамқор болып, жамандыққа жоламай, жақсылыққа жолдас бол, – деп батасын береді. Содан бері адам баласы жақсылықпен мұратына жетіп келеді екен. Сұрақтар: 1. Әңгімеде қандай қасиеттер туралы айтылған? 2. Жақсылық жасау дегенді қалай түсінесіңдер? 3. Қандай құндылықтар адамды жақсылық жасауға ұмтылдырады? 4. Жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады? 5. Барлық адамның қолынан жақсылық жасау келе ме? Әңгімелеп беріңдер.	
5. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс. Оқушылар үш топқа бөлінеді. Тапсырма: 1 – топ: Жақсылық жасау деген не? (топтастырып постерге жазу) 2 – топ: Жақсы аданың бойында қандай қасиеттер болады? (топтастырып постерге жазу) 3 – топ: Жақсы адам- елдің ырысы, Жақсы сөз – жанның тынысы. (мақал-мәтелді оқындар, негізгі ойды тауып, өмірден мысал келтіріңдер).	
Топпен ән айту. Жақсы адамдар Әні мен сөзі: А. Оралов	

Сендер аман болыңдар жақсы адамдар, Жақсы адамдар – бұзылмас тас қамалдар. Табаныңның астында жатады әлі Пенделіктен өресі аспағандар Қайырмасы: Жақсы адамдар, жақсы адамдар, Сендер аман болыңдар жақсы адамдар. Жақсы адамдар, жақсы адамдар, Сендер аман болыңдар жақсы адамдар. Жақсы адамдар. Жақсы көрем сендерді жақсы адамдар, Жүрегінде өйткені аппақ ар бар. Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар, Күйіп кетсін көре алмас бәтшағарлар Жақсы адамдар, жақсы адамдар Жақсы адамдар, жақсы адамдар, Жолы болсын ақ ниет бар адамдар! Жақсы адамдар. Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар, Жолы болсын ақ ниет бар адамдар! Сендер аман болыңдар жақсы адамдар, Қарап өтсін сендерге басқа жандар. Қайырмасы: Жақсы адамдар, жақсы адамдар Қарап өтсін сендерге басқа жандар Жақсы адамдар, жақсы адамдар Қарап өтсін сендерге басқа жандар Жақсы адамдар. Жақсы адамдар, жақсы адамдар, Сендер аман болыңдар жақсы адамдар. Жақсы адамдар, жақсы адамдар, Сендер аман болыңдар жақсы адамдар. Жақсы адамдар.	
8. Сабақтың қорытынды сәті. Тыныс алуға зейін қою. Баяу музыка қойылады. Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз. Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады... Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет)немесе1.....2 [3]. Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.	

ОНАЛБАЕВА САМГА ЕРМЕКОВНА

К.Әзірбаев атындағы №15 орта мектеп информатика пәні мұғалімі

Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кент.

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ
ОНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ**

Мақсаты:

Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау; пәнге қызығушылығын арттыру. Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, оқушылардың ой - өрісін, тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, ізеттілікке, техника қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.

Кездесудің түрі: Пікірталас

Кездесудің әдісі: сұрақ - жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру/

Кездесудің көрнекілігі: тақырыпқа байланысты видео материалдар, Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Мұғалім сөзі:

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Көптеген тұтынушылар компьютердің бірсыпыра өте пайдалы мүмкіндіктері бар екендігіне көздерін жеткізді. Ол мәтін теру, әр түрлі есептер шығару, көлемді мәліметтер сақтаумен қатар көңіл көтеру мақсаттарында да қолданыла береді. Қажетті құрылғылармен және соларға сәйкес программалармен жабдықталған компьютер музыкалық орталыққа айналып, сүйікті саздарыңызды тыңдай отырып дем алуыңызды қамтамасыз ете алады. Егер қызықты кино көргіңіз келсе де, компьютер негізінде шағын кинотеатр жасап алуға болады. Оны фильмдер, клиптер, тіпті өзіңіз түсіріп цифрлы күйге түрлендірген бейнежазбаларды да көру мақсатында пайдалана аласыз. Жұмыс істеп тұрған компьютер өз айналасында толқын ұзындығы 1, 5 м болатын электромагниттік өріс құрайды, сол өріс аясына түскен адам зиянды сәуле әсеріне ұшырайды. Осындай сәулелердің тағы да басқа шығар көздері болып ұялы телефондар, микротолқынды пештер, теледидар және радиоқабылдағыштар саналады. Осындай құралдарды компьютер тұрған жұмыс бөлмесіне орналастырып, оларды пайдалану дұрыс емес, өйткені барлығының да адамға тигізетін әсері қосыла отырып, жалпы зияны артады. Ал олардың денсаулыққа тигізетін зиянды әсері радиация тәрізді бірте - бірте қосыла келе көбейіп отырады. Компьютер алдында ұзақ отырғанда, көбінесе оның адамның нерв жүйесіне әсер етуі басым болады. Ауру бірден басталмайды. Бірте - бірте шаршау сезімі жиі пайда болып, адамның ашуланшақ болуы байқалады, басы айналады, әрі ауыра бастайды. Есте сақтау қабілеті нашарлап, өмірге деген қызығушылығы азаяды, жүрегі сыздап, жиі - жиі салқын тиіп, тәбеті де нашарлайды. Міне, біздің бүгінгі дебат сайысымыз бүгінгі күнде қарқындап дамып келе жатқан компьютердің, оқушылар арасында кеңінен қанат жайып кеткен агент төңірегінде болмақ.

II. Пікірталас шарттары:

1/ Компьютер мен ғаламтордың пайда болуы жайлы.(1 - жақтаушы, 2 - даттаушы) 3 - минуттан 6 минут.

2/ Ғаламтор досымыз ба, әлде жауымыз ба? (2 - жақтаушы, 2 - даттаушы) 3 - минуттан 6 минут.

3/ Спикерлердің қорытынды сөзі. (3 - жақтаушы, 3 - даттаушы) 5 минуттан 10 минут.

4/ Қорытынды сөз. (мұғалім)

5/ Көрермендер пікірі, тілегі.

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

Сөз кезегін бүгінгі сайыскерлерімізге береміз. Ендігі кезекте топ мүшелерімен таныстырып өтелік:

«Жақтаушы» тобының спикерлері: (6 - 7 оқушы)

«Даттаушы» тобының спикерлері: (6 - 7 ата-ана)

1.«Жақтаушы» тобының спикері Мейірбек Алихан

Армысыздар құрметті көрермен, менің қарсыластарым! Біз бүгінгі дебатта сіздердің сұрақтарыңызға барынша жауап беруге тырысамыз. Біздің ұстанып отырған позициямыз «Ғаламтор керек, ол біздің өмірімізге қажет» Ғаламтордың пайдасы өте зор. Алдымен Ғаламторға анықтама берейік. Ол бүкіл ғаламдық тор, бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір - бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі. Қазіргі уақытта кез келген информациялық технологияның жаппай техникалық компоненті компьютер болып табылатыны белгілі. Компьютерлік телекоммуникацияны пайдалану – алыстағы компьютермен диалогтық режимде немесе электрондық почта режимде жұмыс істеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Сондай - ақ, электрондық почта өте қолайлы және аса қымбат емес.

Кез келген адам күніне 6 - 7 сағат уақытын компьютер алдында өткізеді Қалаңыз, қаламаңыз, бірақ компьютерсіз жұмыс бітіру әсте қиын. Халықтың ақылды машина мен ғаламторды меңгеруі жұмысты да жеңілдетеді. Алысқа бармай үйде отырып - ақ біраз шаруаны тындырасыз. Осыны ескерсек, нық сеніммен «компьютер – біздің айнымас досымыз» деуімізге болады.,

Адамдар арасындағы байланысты кеңейтеді. Ата-аналарға әрқашан баланың қай жерде екенін білуге мүмкіндік береді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Төтенше жағдайда полицияға немесе жедел жәрдемге тез қоңырау шалуға болады(4 сурет). Интернеттен қажет ақпарат алуға көмегін тигізеді.

Керек кезде калькуляторды, оятқышты, сағатты, шамды, камераны қолдану мүмкіндігі бар. Оқу үрдісінде байланыстың тиімді жақтары.

Ғаламтор ұғымы XX ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдамдығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді. Әйгілі Ер Төстік ертегісінде Төстік жыл санап емес, ай санап, күн санап өсіпті дейтін жері болатын. Сол Ер Төстіктің ер жетуі сияқты дамып отырған бір сала болса, ол – бүкілғаламдық желі – Ғаламтор деп санар едім.

Оның өзі шығу тарихы да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ - тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. Бұл мақсатта Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорд зерттеу орталығына компьютерлерді бір - бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады.

Содан соң ARPANET дамып - жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Ғаламтор» деген ұғыммен алмастырылды». Қазіргі кезде Ғаламтормен тек қана компьютерлік желілер арқылы емес, сонымен қатар, байланыс спутниктері, радиосигналдар, кабельдік теледидар, телефон, ұялы байланыс, арнайы оптикалық - талшықтық желілер және электр желілері арқылы да байланысуға болады.

Бұл күнде Ғаламтор тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1, 5 млрд. адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз.

2. «Даттаушы» тобының спикері – Дәуренбекова Томирис:

Сәлем бердік қауымға! Біздің қарсыластарымыз «Ғаламтор керек, ол біздің өмірімізге қажет. Ғаламтор пайдасы зор» деп жатыр. Қазіргі таңда Ғаламтор әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық - коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл

тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады.

Жаңа сен бір сөзінде «компьютер – біздің айнымас досымыз» деуімізге болады деп айтып кеттің. Мүмкін дұрыс та шығар. Алайда, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, «ақылды машинаның алдында көп отыратын ересек адамдардың 92 пайызы жұмыс соңында өзін нашар сезініп, шаршап - шалдығады екен. Дәрігер мамандардың айтуынша, олардың денсаулығына зор нұқсан келеді. Дәрігерлер «адамзаттың басына түскен дерт пен қауіп - қатердің түп - төркіні компьютерде жатыр» деген тоқтамға келген. Рас, бүгінде жас та, кәрі де монитордан көз алмайды.

Біріншіден, компьютерден зардап шегетін адам ағзасының бір мүшесі – көз. Себебі, әрқилы түске еніп, жалт - жұлт жанатын монитор көзге үлкен күш салады. Екіншіден бастың желке тұсының (қарақұсының), мойын мен иық, жауырын, білектің ауыруы.

Бұрындары көбінесе монитор өте зиянды дейтін. Мамандар клавиатураның одан да қауіптірек екенін айтады. Себебі, клавиатурадағы төмен диапазоннан тарайтын электромагниттік сәулелер саусақ арқылы ағзаға әсер ететін көрінеді. Нәтижесінде, компьютермен көп жұмыс істеген адам жүйке ауруына ұшырайды. Және де компьютердің алдында көп отырғандар саусақ ауруларына да шалдығады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша адам денсаулығының 50%-ы өмір сүру сипатынан, 17-20%- әлеуметтік және табиғи жағдайдан, 17-20%- тұқымқуалаушылық ерекшеліктерінен, 8-9%-ы денсаулық сақтау ұйымдарының тиімді жұмыстануынан тәуелді екен. Бұдан, адам өмірінің зиянды әсерден қашық болуы өз денсаулығына немқұрайлы қарауынан, салауатты өмір салтын ұстануынан, сауаттылығынан байланысты екені шығады. Адам өркениеттің жетістіктерін өз денсаулығына зиян келтіруіне жол бермеуі тиіс.

Мұғалім: Қазір адамдар қызмет орнында да, үйде де компьютермен жұмыс істей береді. Оның өмірімізге, кеңінен енгені соншалықты, бала біткен ойыншықпен емес, компьютермен ойнап, өзінің өміртанымын ғаламтордағы желі ішінде қалыптастырады. Қазіргі күнкөріс қамы мен заман ағымының күрделілігі, көптеген ата - аналар тәулік бойы балаларының тыныс - тіршілігіне бақылау жасай алмай, олар шектен тыс бейне монитордың алдында отырғандықтан денсаулығына зор зиянды әсер алады.

ГАБДУЛЛИНА АНАРА АДИЕТОВНА

*Амангельдинская сошд, учитель русского языка и литературы
Западно-казахстанская область, таскалинский район.*

МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ В ШКОЛАХ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Преподавание русского языка и литературы в школах с казахским языком обучения имеет свои особенности и трудности, ведь для учащихся этот язык является вторым. И, конечно, при овладении им встречаются множество барьеров, один из которых – языковой барьер. Ведь в семьях школьников и их окружении все говорят и смотрят передачи, читают книги на родном языке, и естественно, что у них возникают трудности при изъяснении своего мнения, описания определенных явлений на русском языке.

Для улучшения освоения второго языка и оказания помощи учащимся, я, как учитель-словесник, применяю различные методы и приемы на своих уроках. Особое место, конечно, в языковой системе обучения занимает лексический уровень, так как овладение

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

словарным запасом слов служит одним из основных факторов развития речевых умений и навыков. Что мы понимаем под речевым развитием навыков у учащихся? Под этим понятием мы понимаем процесс развития способности ученика воспринимать, создавать речевые тексты в соответствии с целями и условиями речевой деятельности. Без этого невозможна коммуникация в типичных жизненных ситуациях.

Моей целью, в данном случае, является пробудить интерес школьника к русскому языку, научить его разговаривать на русском языке без акцента, привить интерес к русской литературе.

Для достижения этих результатов я использую на уроках методы мозговой атаки, когда ученикам нужно высказать большое количество вариантов решения, а затем из высказанных идей отобрать наиболее перспективные, удачные и практичные. Применение этого метода способно значительно повысить активность всех школьников, так как в работу включаются все ребята. В ходе работы они получают возможность продемонстрировать свои знания и задуматься о возможных вариантах решения задачи. При этом они учатся коротко и максимально четко выражать свои мысли, анализировать их, высказывая свое мнение на русском языке, подражая ответам других. Это метод я активно применяю при изучении новой темы, например, в 6 классе тема «Как образуются осадки», ученикам дается задание - высказывать свои мысли, даже если они кажутся невероятными, фантастичными. Все предложения я фиксирую на доске. Дети должны знать, что каждый из них может и должен внести свой вклад в создание ответа или в банк идей. Желательно в каждой идее найти что-то положительное, значимое, и рассмотреть возможность ее применения в иных условиях. Возможно, для этого нужно будет ее немного подкорректировать, усовершенствовать.

Также считаю эффективным написание рассказа по ключевым словам, когда ученики самостоятельно из текста выбирают ключевые слова, идеи и составляют свой рассказ, активно применяя их в речи. Такую работу можно проводить на каждом уроке, тогда у учеников будет развиваться навык пересказа.

При изучении художественных произведений в 10 классе А.Р.Беляева «Голова профессора Доуэля» и М.А.Булгакова «Собачье сердце», я применяла диаграмму Венна для определения общих и отличительных черт главных героев. Ученикам было легко выявлять и сравнивать персонажей произведений. Так как тексты этих произведений объемные, и не все ученики смогли прочитать их, я предложила им просмотр фильмов, снятых по этим романам, после которых еще давала им задание на оценку работ актеров.

Вместе с тем по изучению биографий отдельных писателей и поэтов, для того, чтобы ученики могли запомнить важные моменты и даты жизни, я применяю методы составления хронологической таблицы, где в одной графе пишутся даты, в другой события, это дает учащимся возможность самостоятельно работать с текстом.

Предполагая те или иные формы работы, я имею в виду, что учащиеся умеют выполнять задания поискового характера, а также упражнения различной сложности. При этом очень просто управлять познавательным процессом, не подавляя, не навязывая свой взгляд, а учитывая мнение каждого ученика.

Для развития речевых навыков после прочтения текстов также стараюсь применять методы составления «толстых» и «тонких» вопросов, которые позволяют учащимся самостоятельно разрабатывать и задавать вопросы своим одноклассникам, и в то же время самим знать полный ответ на них, отсюда можно проследить ознакомлен ли ученик с текстом.

Действенным закреплением урока является составление «синквейна», когда учащиеся полностью имеют представление о теме. Например, в разделе «Мир труда» по окончании темы «Н.А.Заболоцкого «Не позволяй душе лениться», ученики составляя «синквейн» к слову «труд», могли привести прекрасные прилагательные и синонимы к этому слову, выразить свое видение.

Легким и интересным для школьников является составление «ассоциативного куста» или, проще сказать, составление «кластера» по той или иной теме. Почти на каждом уроке применяю это прием.

При обучении учащихся второму языку важно понимать, что художественных книг они читают мало именно на русском языке и то, что в современном мире их куда больше занимают гаджеты, чем книги. Здесь, естественно, напрашивается вопрос о том, как заинтересовать их чтением, как привить им этот важный навык, ведь именно читая книги, дети развивают навыки грамотного письма, пересказа.

Для выполнения этой непростой задачи в нашей школе с прошлого учебного года был запущен проект «READx», целью которого является пропаганда чтения на примере самых активных читателей разных по возрасту, профессиям, увлечениям и интересам, их объединяет – любовь к чтению книг. На общешкольном родительском собрании был дан старт этому проекту, ведь самым главным примером для детей всегда становятся их родители. Уже второй год в школе активно применяют разные методики чтения и предоставления прочитанных книг учащимися, это прежде всего, выполненные ими самими презентации, буктрейлеры, что положительно сказывается на их развитии в чтении художественной литературы. Благодаря этому проекту в библиотеке стало больше читателей.

Я считаю, что таким образом, тщательный подбор материала, интересных заданий творческого характера, применение различных приемов и методов помогают мне воспитывать у учащихся интерес к изучению русского языка, развивают творческие способности, формируют умения и навыки овладения русским языком.

НУРЛАН АЙТОЛХЫН

№69 мектеп-гимназия, қазақ тіл мен

әдебиеті пәнінің мұғалімі

Нұр-Сұлтан қаласы

ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЖАЛҒАСТЫҒЫ

«Абайдың әдеби мектебі немесе Абай ортасы туралы ой түйіндерді ақын жайында айтылған алғашқы пікірлердің астарынан іздеген жөн. Бұл орайда ақын турасындағы ой-пікір ұшқындары көрнекті әдебиет пен мәдениет өкілдерінің, яғни, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды алаш қайраткерлерінің еңбектерінен көрініс тауып, төңкерістен кейін кең ауқымда сөз бола бастағаны мәлім»[1]

Қазақ әдебиеттану тарихында осы тақырып жөнінде «әдеби мекетеп», «ақындық мектеп» ұғымдарын алғаш ғылыми қолданысқа енгізген М.Әуезов болды. 1909 жылы ақын шығармалары жинақталып, басылып шыққаннан кейін «Абайға еліктеп өлең жазушы ақындар Қазақстанның қай жерінде болса да кездесетін болды». «Бұл жағынана қарасақ, -дейді Мұхтар Әуезов, - XX ғасырда Абайдың әсері көпке жайылып, кең өріс таба береді. Ақын мұрасының өзінен соңғы қазақ әдебиетіне бұлайша қатынасуы, оның жалпы қазақ әдебиеті тарихына көрсеткен үлгісі, әсері деп түсінеміз». Аталған мәселені зерттеу XX ғасыр әдебиет тарихының міндетіне қарай ауысатынын айта келіп, Абайдың өз айналасында үнемі бірге болып, ақынның анық жақын шәкірті болған ақындардың шығармаларын қарастырып, толыққанды зерттеу мәселесіне көңіл аударады.

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

Мұхтар Әуезов «Абай шәкірттері туралы» атты мақаласында:

«Абайдың көзі тірісінде, оның айналасына жинаған талапкер, өнерлі жастардың саны көп болған. Бұлардың ішінде әншілер, композиторлар, халық фольклорын жырлаушылар, әнші ақындар, орыс мәдениетін білуге талпынған жай көзі ашық жастар аз емес еді. Бұлар әр буыннан шыққан болатын. Іштерінде жас жағынан Абайға тетелес: Көкбай, Мұқа, Бейсембай ақын сияқтыларынан бастап, Абайдың балалары: Ақылбай, Мағауия және інісі – Кәкітай сияқты көп адамдар болады...» - дейді [2].

Өткен ғасырдың орта шенінде «Абайдың әдеби мектебі» деген термин ғалымдар арасында айтыс тудырды. Әдеби еңбектерде тұрақтанбай, «Абайдың ақындық айналасы», «Абай мектебі», «Абайдың әдеби ортасы», «Абайдың ақын шәкірттері», «Абайдың ақындық дәстүрі», «Абай тұсындағы ақындар», «Абай тұсындағы поэзия» деп әр қилы аталса да, олардың түп тамыры, беретін мағынасы бір екені түсінікті... Бұл атаулардың негізі бір-ақ нәрсеге сыятынды. Ол өмірде болып өткен айқын шындық–Абайдың әдеби ортасы жайлы аса күрделі мәселе мен соның бір саласы ретіндегі Абай ақындығының шыңына шыққан кезінде орын тепкен ақын маңында тәрбиеленіп, көптеген көркем туындылар берген бір топ өнерлі жастар жайы еді» [3] деген М.Мырзахметовтың пікіріне қосылмасқа болмайды. Ал әдебиетке келгенде оны кең мағынада әдеби дәстүр аясында қабылдау және тар мағынасында ақынның маңындағы, айналасындағы күнделікті тәрбиесін көрген шәкірттеріне қатысты зерттеу ғылыми ортаны екіге бөлуге себеп болды. Осы екі ұшты айтылған пікірлерді сол кездегі кеңестік идеология сәтті пайдаланып, ода әрі өршітіп, үлкен даудың бастауына себепші етіп қойды. Методология жағынан дұрыс бекімеген ақындық мектеп концепциясының төңірегіндегі дау-дамай Абай айналасындағы шәкірттердің өз дәрежесінде зерттелуіне атарлықтай кедергі келтірді. Ақынның қасындағы шәкірттерін нақты бөліп көрсетпеген соң, мектеп өкілдерінің саны әр зерттеушінің өз болжамы бойынша не артып, я болмаса кеміп отырды. Абай мектебін сынға алушы С.Мұқановтың: «Сонымен, 1934 жылы Әуезовтың мақаласында төрт адамнан ғана құралатын «Абай шәкірттерінің» тізіміндегі адам саны 1951 жылы жиырма бес-отызға жетеді», -деген пікір айтқан болатын. Себебі, бұл тақырыпқа байланысты зерттеушілердің өзі бір топтамға келе алмады. Жоғарыда атап өткендей Мұхад Абайдың ақын шәкірттері ретінде Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім, Әріп, Әсеттерді атап көрсетеді. Ал Қ.Мұхаметханов кейінгі еңбектерінде, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім, Әріп, Әсеттерді, Ақылбай, Тұрағұл, Уәйіс, Мұқа, Әбубәкір, Баймағамбет, Әрхам, Иманбазар сынды ақындарды көрсетеді. Сонымен қатар, Абай шәкіртіне Е.Ысмайлов Ақылбай, Мағауия, Кәкітай, Әбубәкір, Әбсалық, Нармамбет, Көкбай, Әріптерді Абайдың тура шәкірті деп, ал Абайдан үйренген деп Сұлтанмахмұт, М.Ж.Көпеев, С.Дөнентаев бастаған он бір ақынды айтады. Ал М.Әуезов 1934 жылдың өзінде-ақ С.Торайғыров, С.Дөнентаев сияқты Абайдан көп кейін әдебиетке қосылған ақын-жазушылар жөнінде тоқтала кетіп, оларды Абайдың шәкірттеріне қоспайды, бұл ақындарды Абай дүниеден өткен соң, «Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар» деп қарайды.

Біраз ғалымдар бұл ұғымға Абай төңірегіндегі ақындармен шектеу жасаса (біз де соны ұстанамыз), енді біреулері Абай кезіндегі және одан кейінгі дәуірдегі ақын-жазушыларды Абайдың ақын шәкірттері деген топқа қосып жатты. Бұл ретте С.Мұқанов «Абайдың шәкірттері туралы» деген мақаласында Абай дәстүрлерін бүкіл қазақ әдебиетінен іздеу қажет екендігіне назар аударып, Абайдан кейінгі ақындарды да Абайдың шәкірттеріне жатқызады. [1]

Абайдың шәкірттері өздерінің талабы мен талантына қарай екі бағытта болған. Алғашқылары өз жандарынан шығарма жазбай, Абай шығармаларын, Абай аударған Пушкин, Лермонтов, Крылов өлеңдерін, көбінесе Абайдың шығарған әндерімен, өздерінің сарындарымен елге жаюшылар, Абайдан естіген орыс халқы жайындағы әңгімелерді, шетел жазушыларының әңгіме-романдарының оқиғаларын баяндап, елге таратушылар. Екіншілері - Абайдың идеясын, өлеңдерін халыққа жаюмен бірге, өздері де күрделі көркем шығармалар жазып, Абай мектебінің өрісін кеңейткен, талантты ақын шәкірттері.

Абайдың жолын қуған, өз тұсында көркем шығармалар тудырғандар Абайдың немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы, Абайдың өз балалары Ақылбай, Мағауия, Әубәкір, сондай-ақ Әсет Найманбайұлы, Көкпай Жаңатай, Әріп Тәңірбергенұлы мен Нарманбет Орманбетұлы сияқы ақындар.

Енді әңгіме барысы Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі- Нарманбет Орманбетұлы турасында сөз қозғамақпыз. Ол 1859 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Нарманбеттің тегі-алдында алқалы елі, аузында дуалы сөзі бар, билік пен шешендіктің қасиеті дарыған тұқымның тұяғы болып келеді.

Ақын негізінен Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай сынды айтулы ақындардың ұрпаққа қалдырған асыл мұрасынан сусындап өскен. Нарманбеттің тырнақалды шығармасын 14 жасында жазылса керек. Әйтсе де Нарманбет шын мәніндегі ақындық жолға кейінірек ден қойды. Атап айтар болсақ, ақынның өлең сөзге деген құлшынысы Абай өлеңдерімен танысқан кезде, яғни, XIX ғ. сексенінші жылдары ақын шығармалары жинақталып, басылып шыққан сәтпен сәйкестік табады. «Абайға еліктеп өлең жазушы ақындар Қазақстанның қай жерінде болса да кездесетін болды». «Бұл жағынана қарасақ, - дейді Мұхтар Әуезов, - XX ғасырда Абайдың әсері көпке жайылып, кең өріс таба береді. Ақын мұрасының өзінен соңғы қазақ әдебиетіне бұлайша қатынасуы, оның жалпы қазақ әдебиеті тарихына көрсеткен үлгісі, әсері деп түсінеміз», - деп тұжырымдайды [2]. Ендігі жерде ұлы Абайдың өлеңі Нарманбет үшін ғажайып өнер әлеміне қарай бағыт-бағдар беретін темірқазықтай нысанға айналды. Шын мәнінде Нарманбет Абайдың сөз өрнегімен танысқанға дейін отаршылдық сипаттағы «зар заманның» ықпалында болғаны мәлім, ақынның «Сарыарқа, сайран жерім-ай» деп келетін өлең жолдарынан ақынның түңілуін, тығырыққы тірелуін байқаймыз. Әр нарсені екі жақты қарайтынымыздай, Нарманбет біріншіден, Абайдың ақындық мектебінің айтулы өкілі тұрғысынан сөз зергері болса, екінші бір қырынан, кеңестік идеология үстемдік құрып тұрған кезде Нарманбеттің есімі «зар заман» ақындары қатарында бағаланды. Көркемдік дәстүр мен идеялық және рухани сабақтастық тұрғысынан алғанда зар заманның сарыны бұдан да арғы заманнан тамыр тартады. Сол рухани-көркемдік үндестікті дәл аңғарған Мұхаң «Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым-Асан бастаған сарын...Өткені арғы заманның Сыпыра жырауы, Қазтуғаны, бергінің алаша Байтоқ жырауы, Досқожасы болсын-барлығыда да зар заман дәуірінен үлкен орын алтын ақындар. Көбінесе сөз саптауы мен күй сарыны осы шеңбердің ішіндегі үлгімен келеді», - деп әдеби ағым мен бағытқа қойылатын ортақ көркемдік талап тұрғысынан баға бере келіп: «Бұқар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы- Махамбет, одан кейінгілері Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұтас ақындар... Зар заманның артқы ақыны- XIX ғ. мен XX ғ. жапсарынды өмір сүрген, сол кезде өлең айтқан- Нарманбет. Заман зарының ең ақырғы күйін шертіп, тоқтаған осы ақын», - дейді [3]. Сонымен қатар, А.Бабашовтың «Ақын шығармашылығындағы «Зар заман» ағымының сарыны мен Абай дәстүрінің реалистік сипатының тоғысуы оның поэзиясының тақырыптық және көркемдік қырларының байлығын аңғартады. Ақын

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

халқының отарлық қысымдағы күрделі дәуірінің барша шындығын реалистікпен суреттей отырып, әлеуметтік өмірдің ең маңызды мәселелерін өлендерінің басты тақырыбы етіп алады. Абай мен Нармамбет махаббат тақырыбына жазған өлендерінің көбі таза сұлулықты, көркемдікті дәріптеп кететін халық ұғымындағы шығыс сарыны мен ауыз әдебиет үлгілеріне ұқсайды. Осы мәңгілік тақырыпты жырлауда ақын Абай өрнегінен үлгі ала отырып, әйелдің асылдығы мен көркін, жақсы жарасымды мінезін өлендеріне арқау етіп, оны шабыттана жырлаған. Сонымен қатар Абай өлендерінің көркемдік нәрін сіңіре отырып, жаңа түрлерін шеберлік қырына орай ұтымды қолданған. «Ауыл қайғысы», «Кер заман», «Шал қайғысы», «Ілкімді құс», «Мен бір аңқау пендемін» атты өлендері Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің өрнегімен жазылған, - деп келтіреді өзінің зерттеу еңбегінде[4].

Оның ақындық ізденісінде «Зар заман» ағымының тақырыптық-идеялық сарыны, Абай поэзиясының дәстүрі заңды жалғасын тапты.

Мысалы ретінде Нармамбеттің заман шындығын анық та батыл бейнелеген шығармалырының бірі «Кер заман» өлеңі. Мұнда ел адамдарының психологиясы, ауылнай, старшындардың бейнесі, ұлықтардың паракорлығы дәл бейнеленеді.

Осы өлең жолдарында Абайдың «Болыс болдым мінеки» атты өлеңімен іштей үндестік сезіледі. Абай тәрізді нармамбет те сол кездегі адамдардың түрлі психологиялық портреттерін жасайды.

Келіп түсті

Тіккен үйге.

Белде қылыш,

Сары тұһүйме.

«Тентектерді

Тез келтір» деп,

Жарлы берді

Болыс-биге.

Бұл-қырық ат айдап, жолында елді қырып-жойып келе жатқан ұлықтың қаһары. Осылайша дүркірей ықтыра келген ұлыққа құрақ ұшқан ауылнай, болыстар «ләббай, тақсыр!» деп құрда құрдай жорғалайды. Ұлықтың «келсін!» деген қатулы әмірін естіген соң, не істерін білмей, суыққа тонған торғайға ұқсап, бүріскен, қойдай иірілген жазықсыз шаруалардың күйі мынандай:

Ұлыққа келді жиылып,

Әруақтарға сиынып.

«Здрасти, тақсыр» деп,

Бастарын шұлғып, иіліп.

Соңында біреудің арызымен келген ұлық жазықсыз халықтан пара алып-алып кетеді. Осы орайда белгілі ғалым Е. Ысмайлов Нармамбетті Абайдан көп үйренген, тура шәкірті дей отырып, ол да би, болыс, старшындарды қатты сынаған деген ой айтады.

Нармамбеттің әдеби мұрасы өз кезіндегі қазақ өмірінің айнасы іспетті. Онда қазақтың күнделікті тұрмыс жай мен арман мүддесі, сонымен бірге жалпы қоғамдық сана мен ой-пікірдің өрістеу бағытын аңғауымызға әбден болады. Ол елінің басындағы қара бұлтша үйірілген осы тарихи ауыртпалықты жыр етіп жазған өлең жолдарынан «зар заманның» лебі ескенімен, ол жаңа сипаттағы реалистік әдебиеттің, соның ішінде Абайдың ақындық дәстүрінің көркемдік үрдісінің тоғысуымен дараланды.

ОТАРБАЕВА КАМШАТ ЖҮМЕКЕНҚЫЗЫ

№3 орта мектебі кмм бастауыш сынып мұалімі

Ақмола облысы Целиноград ауданы Талапкер ауылы

Сабақ негізделген оқу мақсаты	2.3.5.2. бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау.	
Сабақ мақсаты:	Оқушылардың барлығы: бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтайды , атайды. Оқушылардың көпшілігі: бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтайды, атайды, сәйкестендіреді. Оқушылардың кейбірі: бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтайды, атайды, сәйкестендіреді, түсіндіреді.	
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын атайды.	
Тілдік мақсаттар	Қазақстан Республикасы, мемлекеттік рәміздер, ту, елтаңба, әнұран	
Құндылықтарды дарыту	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық	
Пәнаралық байланыстар	Музыка, қазақ тілі.	
АКТ қолданулар	Видеожазба	
Бастапқы білім	Оқушылар ҚР мемлекеттік рәміздері туралы біледі	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	(Ұ)Сынып оқушылары «Елтаңба» , «Ту» , «Әнұран» сөздері жазылған стикерлерді таңдай отырып3 топқа бөлініп отырады. Сәлемдесу. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз Бас иеміз сіздерге, Құрметпенен біз! (Ұ)«Сәлемдеме жіберу» әдісі. Қазақстан-менің Отаным деген сөзді 3 түрлі (қызыл, сары, көк) қағаздарға ораймын. Оқушылар әуен ойнап жатқанда оралған затты сынып ішінде береді; музыка тоқтаған кезде, оқушы бір қабатын ашады. Әр қабатқа тақырыпқа қатысты бір әріп жазылған, оқушылар қағазды ашып, әріпті дауыстап айтады, одан кейін оралған затты әрі	Стикер қағаздар Түрлі-түсті стикерлер

	қарай береді. Осылайша заттың орамасы біткенше жалғасады. Нәтижесінде бүгінгі сабақтың тақырыбы ашылады және сабақтың мақсаты жарияланады.	
Сабақтың ортасы 5 минут	(Ұ) Оқушылар интербелсенді тақтадан « Менің туған жерім- егеменді Қазақстан » видео жазба тамашалап, ойларын тұжырымдайды. (Д) Сұрақтар жаңбыры » әдісімен оқушыларға жедел сұрақтар қойылады: - Қазақстан қандай ел? - Қазақстанның мелекеттік нышандары қандай? - Қазақстанның астанасы қай қала? - Ел президенті кім? - Мемлекеттік нышан деген не? Оқушылар өз жауаптарын « Шапалақ » әдісімен бағалайды (Т) Оқушыларға өздерімен қатарлас шетелдік туристердің мектептерін тамашалауға келгенін көз алдарына елестету сұралады. Мақсатымыз: туристерге мемлекеттік рәміздердың мән-мағынасын ашу арқылы өз елімізді таныстыру. Тапсырманы орындамас бұрын « Мемлекеттік рәміздер » бейнежазбасы көрсетіледі. Тапсырманы орындау үшін оқушылар үш топқа бөлінеді. 1-топ: Елтаңба 2-топ: Ту 3-топ: Әнұран /әрбір топ өзіне берілген мемлекеттік рәміздердің мағынасына сай постер құрастыру керек/ Тапсырма орындалып болған соң, топтар өз постерлерін қорғайды, бірін-бірі « Жапондық бағалау » әдісімен бағалайды. (Ұ) «Мен-қазақпын» әнінің әуенімен дене жаттығуларын жасайды	Оқулық, мәтіндер. Оқулық, ватмандар, түрлі-түсті маркерлер Топтық жұмысқа арналған ресурстар
Ширату жаттығуы 5 минут		
Сабақтың соңы 10 минут	(ҚБ) Суреттерге мұқият қараңыз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қандай жағдайларда қолданылатыны туралы әңгімеле  Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері тағы қандай салаларда қолданылады? Жұпта ой бөлісіңіз.	

Кері байланыс 1 мин	Дескриптор: <i>Білім алушы</i> –Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранының қолданылу саласы туралы айтады; –Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының қолданылу саласы туралы айтады; –Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туының қолданылу саласы туралы айтады. «Сөйлейтін қабырға» әдісі Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылардың санына қарай рәміздер туралы мәліметтер жазылған үлестірме парақшаларды таратып беремін. A4 мөлшеріндегі қағазға жазылған «Елтаңба», «Ту», «Әнұран» деген сөздер сыныптың қабырғаларында ілініп тұрады. Оқушылар берген белгі бойынша «сөйлейтін қабырғада» ілінген атауларға сәйкес жылдам 3 топқа бөлінеді. Кейбір оқушылар қолдарындағы сөздер туралы әңгімелеп беруі керек. Оқушылар өз жұмыстарын «Понтомимо» әдісімен бағалап өтеді. Тапсырманы түсініп, жақсы орындадым десе-екі қолын жоғары көтереді; Тапсырма мен үшін қиын болды десе-басын төмен салбыратады; Тапсырма мен үшін түсініксіз болды, ұнамады десе-екі қолымен бетін басады. «1 минут» әдісімен оқушылар кері байланыс жасайды, сабақта өтілген сөздер тізбегін атайды.	
--------------------------------	---	--

ТАДЖЕДИНОВА КУРАЛАЙ КЕСТАНОВНА

Жаңаөзен политехникалық колледжі

Маңғыстау облысы, жаңаөзен қаласы, ақсу шағын ауданы

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

I. Сабақтың тақырыбы:

Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы

II. Сабақтың мақсаты: Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру, алған білімдерін тексере отырып, оқушылардың танымын кеңейту, сөздік қорын молайту.

III. Сабақтың тәрбиелік мәні:

Ұлтымыздың ұлыларының еліне еткен еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу, ақынның сөз өнерінің қыр- сырымен таныстыру, Абай өсиеттерінен нәр алғызу, арқылы ақын армандаған толық адам тұлғасын қалыптастыру, елін, жерін, Отанын сүйуге, білім, тәрбие беруге, адалдыққа, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

IV. Сабақтың түрі:

 Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Сұрақ –жауап, топпен жұмыс, іздену, зерттеу, талдау, кубизм, 5 жол өлең шығару, СТО стратегиялары, Блум жүйесі.

V. Сабақтың көрнекілігі: Абай портреті, интерактивті тақта, кітап көрмесі, Абай шығармалары, кубик, карточка, сызба таблицалар, суреттер, тест сұрақтары, Абай туралы жазылған даналардың сөздері.

VI. Сабақтың барысы:

а/ ұйымдастыру кезеңі.

ә/ оқушыларды түгендеу.

б/ үй тапсырмасын сұрау.

в/ жаңа сабақты түсіндіру.

Блоктау әдісі бойынша.

1. Абай өмірі мен шығармашылығына тоқталу (топпен жұмыс).

2. Көрнекілікпен таныстыру **кубизм әдісі** бойынша сұрақ қою.

3. Үй тапсырмасын сұрап, жаңа сабақты бекіту мақсатында студенттерді

2 топқа бөліп, сайыс ұйымдастырамын

Абай поэмалары: «Масғұт», «Ескендір», «Өзім әңгімесі». Абайдың 45 қара сөзі.

4. Абай туралы көрнекіліктермен таныстырамын.

5. Абай өлеңін талдаймын.

	3	2	3		
A)	Ә/сем/паз	бол/ма	әр/не/ге	8	а
	3	2	3		
	Ө/нер/паз	бол/саң	ар/қа/лан	8	б
	3	2	3		
	Сен де бір	кір/піш	дү/ние/ге	8	а
	3 1	1 1	2		

Ке/ті/гін тап та, бар қа/лан 8 б

8 буынды, шалыс ұйқас.

	1	3	3	2	2	
Ә) Мен жаз/бай/мын ө/лең/ді ер/мек ү/шін,						11 а
	1	2	4	2	2	
Жоқ – бар/ды, ер/те/гі/ні тер/мек ү/шін						11 а
	4	3	2	3		
Кө/кі/ре/гі се/зім/ді, ті/лі о/рам/ды						12 б
	2	2	3	2	2	
Жаз/дым үл/гі жас/тар/ға бер/мек ү/шін.						11 а

11-12 буынды, қара өлең ұйқас.

Сайыс ұйымдастыру (3) Баланың қызығушылығын ояту.

Бірінші топ «Абай»

1. Ыбырайдың қандай әңгімелері бар?
2. 1879 жылы Орынборда қандай кітабы басылды?
3. Ыбырай Алтынсаринның бір өлеңін жатқа айт?
4. Ыбырайдың Торғайдағы мектебі қай жылы ашылды?
5. Ыбырайдың қандай шығармаларын білесің?
6. Ыбырайдың әкесі қайтыс болғаннан кейін кімнің тәрбиесінде болды?

Екінші топ «Ыбырай»

1. Абай Құнанбаев қай жылдары өмір сүрген?
2. Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңін жатқа айтып бер?
3. Абай Құнанбаевтың қандай поэмалары бар?
4. Семейдегі «Приходская школада» неше ай оқиды?
5. Абайдың дүниеге көзін ашқан кім?
6. Абайдың «Ескендір» поэмасы Шығыс елдерінде қандай атпен тараған?

Үй тапсырмасын сұрап, жаңа сабақты бекіту мақсатында студенттерді 2 топқа бөліп, сайыс ұйымдастыру.

1. Мәнерлеп оқу сайысы
2. Ой толғау
3. 5 жол өлең шығару
4. СТО әдісі / плакатты ілу/
5. Топтастыру
6. Блум жүйесі
7. Бекіту сұрақтары

Ой толғау.

Абайдың табиғат лирикасын кітаптан оқу.


Ыбырайдың табиғат лирикасын кітаптан оқу.

5 жол өлең шығару.

Абай: Бірінші топқа «Ана» тақырыбына 5 жол өлең шығару.

Ыбырай: Екінші топқа «Бала» тақырыбына 5 жол өлең шығару.

Сын тұрғысынан ойлау. Сто әдісі.



Блум сұрақ қою өлшемі.

- 1) Оқығанды, айтқанды еске түсіру.
- 2) Түсіндіру сұрақтары. (негізгі идеяны ашу)
- 3) Аударма сұрақ (эссе, өлең жазу, 2 жол өлең шығару)
- 4) Талдау сұрақтары.
- 5) Жинақтау сұрақтары.

Абайдың қара сөздерін бейне таспадан тыңдау.

Бекіту сұрақтары:

1. Абай Құнанбаев қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
2. Абай қай медреседе оқыды?
3. Абай аудармаларын ата.
4. Абайдың қандай поэмалары бар?
5. Қанша қара сөзі бар?
6. Жастарды оқу, өнер, білімге үндейтін өлеңдерін ата.

Бағалау.

VII. Қорытындылау

Үй тапсырмасы.

Абай өмірі, шығармашылығын оқып, әңгімелеу, өлең талдау, жаттау.

ЖЕТИЛГЕНОВА АЙНУР АМАНДЫКОВНА

*М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі,
психология пәнінің оқытушысы
Қызылорда қаласы.*

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫ

Ақыл – ой дамуы білім мен іскерліктерді алу процесінде қалыптасқан білім, іскерлік және ақыл-ой әрекетінің жиынтығымен сипатталады. Мәні жағынан *ақыл - ой дамуы* – бұл адам ойының мазмұны мен формасы. Қазіргі психология және педагогика оқытушысының оқушыларға беретін білімі мен іскерлік мазмұнын ойлау және ақыл-ой деңгейін анықтайды деп дәлелдейді. Ақыл - ой дамуы жаңа білім мен іскерлікті меңгерудің, жаңа ақыл-ой әрекетінің пайда болуымен қызмет атқаруының негізі және базасы болып табылады.

Ақыл ой дамуы интеллект мәселесімен немесе жалпы ақыл-ой қабілетімен ұштасады. *Интеллект* – бұл білім мен іскерлік жиынтығы емес, оларды жетістік пен игеруге көмектеседі. Индивидтің жеткен ақыл-ой дамуы деңгейі оның интеллектуалды қабілеттеріне тәуелді. Дегенмен де, ақыл-ой дамуы тек интелектіге тәуелді емес, ол көптеген факторлармен шарттасады: Мәселен: мәдениетпен, өмір жағдайымен, оқу мекемесінің ерекшелігімен, оқыту әдістерімен т.б. Отандық психологияда тұтас зерттеу бағыттары ақыл-ой дамуы деңгейі мен оқыту мазмұны арасындағы, тәрбиелік әдістердің сипаты мен байланыстылығын анықтайды. Ойлауды қалыптастырудағы оқыту әдістерінің рөлі туралы зерттеулер ақыл-ой әрекеттерін кезеңдермен қалыптастыру теориясымен байланыстырады. Бұл теорияларға негізделген еңбектерде ойлау дамуын басқарудың және оған жоспарлы әсер ету жолдары теориялық, әдістемелік жағынан өңделген. «*Ақыл – ой даму деңгейі*», «*интеллект*», «*оқыту*» түсініктерін қатар қойып қарастыру дұрыс емес. Бұл психологиялық феномендердің диагностикасы әртүрлі болуы мүмкін. *А.Бине, Ч.Спирмен, Л.Термен* интеллект - деп интеллектуалды тестер арқылы өлшенетін нәрселерді атады. Интеллектуалдылық коэффициенті (IQ) интеллект синониміне айналады. Психодиагностиктер интеллектіні дұрыс өлшеу үшін әр түрлі міндеттерді немесе тапсырмаларды таңдайды. Біреулері *абстрактылы ойлау тапсырмаларын таңдап алды*, себебі олар шынайы өмірде кездеспейді де өткен өмір тәжірибесінде меңгерген білімдердің әсері тимейді деп есептейді. Ал, басқалары интеллект жасанды, өмірге сай келмейтін конструктімен өлшеу қателік, оларды күнделікті өмірден алу керек деп есептейді. (Р.Стернберг). Кейбіреулері вербальды емес тапсырмалар арқылы интеллектті, тілдік конструкцияларға тәуелсіз генеральды факторларға өлшейді деп санады. Оған қарсы көзқарас - вербальды тапсырмалар интеллектті бағалауға мүмкіндік береді, себебі ол тілдік қабілетпен тығыз байланысты.

Германияда кең қолданылған белгілі топтық тестінің бірі - *Рудольф Амтхауэрдің интеллект құрылымының тесті*. [1] Ол 1953 жылы шықты. Тест 13-61 жастағы адамдардың интеллектуалды даму деңгейін өлшеуге арналды. Тест 9 субтесттен тұрды. Олар интеллектуалдың әр түрлі функцияларын өлшеуге бағдарланған болды. 6 субтест – вербальды өрісті (сфераны), 2-уі – кеңістік қиялды, 1-уі есті диагностикалауға арналды. Интеллекті IQ мен теңестіріп, XX ғ. бірінші жартысындағы психологтар оны туа біткен және тұқым қуалайтын қасиет, дамудың шарттарына тәуелсіз болады деді. Осыдан, оның ұзақ уақыт бойы өзгермейтіндігі және тұрақтылығы туралы пікір қалыптасты. Адам жасы ұлғайған сайын IQ өспейді деп есептеді. Адамның IQ көрсеткішін анықтау үшін сынаушыға берілген объектілер арасындағы логико - қатынастарын түзуді талап ететін тапсырмалардың бірқатарын орындау керек болады. Дұрыс орындалған тапсырмалардың ұпайларының қосындысын стандарттыққа жатқызады. Міне осы IQ көрсеткіші болып

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

табылады. Стандартты IQ даралық көрсеткіштің статистикалық нормамен сәйкестігін көрсетеді. Ол өзінің орындау көрсеткіштері бойынша топты тестілеу нәтижелерінің жинағының осіндегі жеке тұлғаның алған орнын белгілейді. Интеллектуалды тестің нәтижесін дұрыс қолданып, бағалау үшін тесттік көрсеткіштер бойынша индивидтің алған орнының қаншалықты тұрақты екендігі туралы сұраққа жауап беру керек. Кейінгі зерттеулердің арқасында интеллектуалды тесттер адамдар арасындағы табиғи өзгешіліктерді емес, сыналу уақытына дейін қалыптасқан білім деңгейі мен ой ептілігінің болуымен анықталатындығын мойындайтын түсініктер өріс ала бастады. [2]

Қазіргі кезде интеллектуалды тесттер жалпы қабілеттер ретінде немесе қабілеттердің тобы ретіндегі интеллекті өлшеу құралы ретінде өзін ақтаған жоқ. Психологтардың бір бөлігі «*интеллект*» деп жалпы қабілеттерді түсініп, IQ интелектің көрсеткіші деп қарастырудан бас тартты. Олардың ойынша интеллекттің бағалау үшін адамның мінез-құлқын ұзақ уақыт әр түрлі жағдайларда бақылау керек және әр түрлі іс әрекетте табысқа қалай жеткендігіне талдау жасай отырып бағалау керек, - деді. Оны диагностикалаудың қатаң әдістері жоқ. [3]

Интеллектуалды тестілеуге келсек, қазіргі кезде психодиагностар интеллектуалды тестердің мазмұндық жарамдылығын дәлелдеп, оны практикалық қолдану мақсаттарын шектеумен айналысып жатыр. Мазмұндық жарамдылық туралы сұрақ тесттік тапсырмалардың жинағының шектеулігін, интеллектуалды бағалардың осы тапсырмалардың сипатын тәуелділігін, сонымен қатар индивид қолданған шешу тәсілдерінен, оның мотивациялық және басқа да тұлғалық сипаттамалары тәуелділігін түсінудің арқасында пайда болады, сондықтан психодиагностар әрбір интеллектуалды тест диагностикалайтын психикалық аймақты нақты шектеуге тырысты. *Көптеген психологтар қазіргі кезде интеллектуалды тесттер индивидтің білімімен, сонымен бірге, табиғи мүмкіншіліктеріне тәуелді интеллектуалды дағдылардың қалыптасу деңгейін өлшейтіндігін мойындайды.* Бірақта, тесттік нәтижелерден бірін - екіншісінен ажырату мүмкін емес, тесттік бағалардың қоршаған ортаға тәуелділігі, олардың тұрақсыздығы, өзгермелілігін көрсетеді. Осыны түсіне білу тестілеудің негізгі мақсатының өзгеруіне әкеледі. Бұрын интеллектуалды тестер бойынша сыналушыларды категорияларға бөлу үшін болжам жасалса, қазіргі кезде интеллектуалды тесттер арқылы колледж жетістіктерін болжау үшін және оқушыларды түрлі типтегі оқуларға дайындау үшін қолданылады. Әрине, мұндай тар саладағы IQ бағаларының негізіндегі жорамалдар әрқашан да дәл бола бермейді. Сонымен, психологтар индивидтің ақыл-ой дамуының тепе-тең бағасын алу үшін тесттік ұпай жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл үшін тестілеу нәтижелерін басқа көздерден: бақылаулар, оқыту ерекшеліктерін талдау арқылы алынған мәліметтермен толықтырылу керек. Тестілеу нәтижелерін дұрыс интерпретациялау үшін келесі жағдайларды білу қажет:

- тесттерді орындаудағы сыналушының жаттығу дәрежесін;
- тест орындау мотивациясын;
- тестілеу кезеңдегі эмоционалды күйін;
- тест бағаларына зерттеуші тұлғасының әсерін;
- тестілеуден бұрын индивидтің жасаған іс-әрекетін және басқа мәліметтер.

Осының бәрін ескере отырып, интеллектуалды тестті кейбір іскерліктер мен дағдылардың шынайы қалпын сипаттау үшін қолдануға болады деген қорытындыға келеміз және ол арқылы адамның ақыл-ой дамуындағы өзгерістері мен дамуын да байқауға болады.

Ең алдымен, психология ғылымының маңызды саласы-психодиагностикаға тоқталып көрейік.

Диагностика гректің «*diagnostikos*» -айырып тануға қабілетті деген мағынаны білдіреді. Психодиагностика дегеніміз адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет

беретін ізденіс аумағы. Педагогикалық тәжірибеде психодиагностикалық жұмыстардың негізгі мақсат-міндеттері:

1. Жеке адамның психоэмоция өрісінде дамып жетілуі;
2. Қоршаған ортамен қарым-қатынасты дамыту мен коррекциялау;
3. Өзін-өзі тану мен жеке тұлға есебінде өсіп даму;
4. Жеке адамды адаптациялы табысты әрекеттің эффективті формаларын қалыптастыру;
5. Жеке тұлғаның қоғамдық өмірге белсене араласып, жеке басына жауапкершілікті ала білу сезімін туғызу.[4]

Оқу орындарында жүргізілетін психодиагностикалық жұмыстардың жүйесі:

1. Психологиялық кеңес беру;
2. Психодиагностика;
3. Психопрофилактика;
4. Педагогикалық процесті психологиялық сипаттау;
5. Кәсіби бағдар жұмыстары;
6. Аналитикалық әрекет, яғни құжаттармен жұмыс.
7. Психологиялық қызмет.

12 жылдық білім беру жағдайында психодиагностиканың төмендегі әдістері қолданылады:

- ✚ Топтық және индивидуалды әдістер
- ✚ Стандартталған (өлшемді, формальданған) әдістер
- ✚ Эксперттік әдістер (клиникалық, аз формальданған)

Психодиагностика әдістерін және оны кәсіби қызметінде тиімді пайдалануға болашақ 12 жылдық мектептің бастауыш сынып мұғалімдерін қалай үйретудеміз?

Ең алдымен, 0105000 мамандығы үшін Психология пәнінің мазмұнына 15 пайыздық өзгертулер енгізіліп (мазмұнына осы аталған психодиагностика саласы да енгізілді) жұмыс оқу бағдарламасы дайындалып, болашақ маманға психодиагностика әдістерін ұтымды қолдану құзыреттілігін қалыптастырудың моделі жасалды.



12 жылдық мектептің болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне жоғарыда көрсетілген психодиагностикалық мәліметтер төңірегінде аудио-визуалдық құралдарды, соңғы кездегі практикалық психология бойынша негізгі және қосымша оқулықтарды пайдалана отырып, арнайы 4 сағаттық теориялық мәліметтер оқылды. Оқушыларға дәрістер оқылып қана қоймай, психодиагностикалық, психокоррекциялық әдістерді жүргізудің жолдары жан-жақты түсіндірілді. Болашақ маман № 4,11,136,212 жалпы орта білім беретін мектептерде өткізілген тәжірибе жинақтау жұмыстары кезінде төменгі сынып оқушыларының таным

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

Айтылым дағдыларын дамыту стратегиялары Пазл. (әр оқушыға оқиға үзіндісі беріледі және оны басқаларға көрсетпей оқиға құрулары тиіс). «Молекулалар» әдісімен өз үзінділерінің ретін табу.

Сұхбат. Мысалы, «Ғалым», «Профессор» /үздік оқушылар/ тобына келеді. Тыңдаушы үздік оқушының еңгімесін жазып алуы керек. Баланың оған міндетті түрде 3-4 сұрағы болуы керек. Ғалым, профессор арқылы лидерлік қабілетін анықтаймыз. **«Фишбон»,**

«Тарихи шынжыр» әдісін қалай пайдалану керектігін мұғалімдер арасында коучинг сабақ өту барысында түсіндіріліп, керекті жерінде сабақ барысында оқушылармен жұмыс жасауға пайдалануға болатынын білді. Ал постер арқылы оқушы берілген тапсырма бойынша өзінің ойын дәлелдейді. Жаңа сабақтың тақырыбын оқушы өзі —ақ ашып береді.Тек мұғалім бағыттаушы тапсырмалар беру арқылы оқушыны ізденуге жетектейді

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

және ойын ашық айтуға мүмкіндік береді. Жоғарыда сипатталған стратегиялар оқушылардың оқығанын ой елегінен өткізіп, мәтінді терең түсіне білу қабілетін, логикалық ойлау қабілеттерін, қажетті ақпаратты іздеу, табу және интерпретациялау қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні сөзсіз. Әрбір жұмыстың нәтижесі болады. Оны критерий арқылы бағлау немесе бағалау парағы арқылы көрсетуге болады. Оқушының бойында өзіндік пікірі бар, ізденіс арқылы ойын делелмен жеткізе алатын, топпен жұмыс кезінде достарымен біріге отырып тапсырманы орындайтын, өзіндік мен деген стилі бар тұлға болу керек. Мұғалім-бағыттаушы, оқушы-ізденуші ролін атқаруы тиіс. Мұғалім оқушылардың оқу үлгерімін бақылап, оларға мақсаттарына жетуге қолдау көрсетеді. Сыныптан сыныпқа ауысқан сайын оқушылар анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өз бетінше әрекет етуге үйрену керек. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым оқудың сындарлық теориясына негізделеді. Оқушылар жаңа ұғым туралы сын тұрғысынан ойлана отырып, оның мәнін, мағынасын ұғынады, бұған дейінгі білімімен байланыстырады. (МАН 2015ж)

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді. Оқыту процесі басқарылатын процесс болғандықтан, жеке оқушының ерекшелігін ескеру – мұғалімнің міндеті. Оқушылармен жұмыс жасағанда:

- Еркін ойлауға мүмкіндік беру;
- Ақыл-ойын дамыту;
- Шығармашылық белсенділігін арттыру;
- Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеу;
- Тіл байлығын жетілдіру;
- Жан-жақты ізденушілік арттыру керек.

Жаңа технологияны жүзеге асырудағы міндеттеріміз:

- Әр сабақта оқытудың интерактивті әдістерін қолдану.
 - Әр оқушының психологиялық, физиологиялық, жеке-дара ерекшеліктерін ескеру. -
- Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу
- Инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, мектеп жағдайына бейімдеу. Ұлы педагог Я.А.Коменский «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың денін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі» деп ұстаздың еңбегіне ерекше баға беріп, үнемі ізденісте, шығармашылық әрекетте болатын, жалындап жүретін тұлға екенін айтқан. Ал, шығармашыл мұғалімнің шекіртті де шығармашыл болуы керек. Дарынды балаға дарынды ұстаз қажет. Олай болса, оған білімнің нұрын құйып, шығармашылық ынтымақтастықта әрекет етсе, шығармашыл дарынды тұлға шығары сөзсіз. «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер - білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарын да, жат адамдарын да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болу керек» - деп Әл-Фараби айтпақшы, келешекте біздің егеменді еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүру үшін, қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді-тәрбиелі етіп шығару жолындағы басты тұлға – ұстаз болып табылатынын айтқым келеді.

ТАБЫЛДИНА БАЛДЫРҒАН ЖАЛҒАСБАЕВНА

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Миялы селосы,

Т.Айбергенов атындағы орта мектебі

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» делінген. [1] Мұғалімдердің алдындағы басты міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру, қазіргі заманғы педагогикалық технологияны меңгерту.

Оқытуды өзектілендірудің әдістемелік тәсілдері:

1. мұғалім оқушыны өз тақырыбы бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолдарын табуды өздеріне ұсыну.

2. мұғалім оқушыға ұқсастықтар мен қайшылықтарды өз бетімен салыстыра білуге, қорытып, түйіндей білуге жағдай туғызу.

3. практикалық жұмыстар жүргізу. 4. бір сұрақ қою арқылы жан-жақты қамтитын бірнеше жауаптар алу.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бүгінгі ұстаздарға бірден-бір қойылатын талап-білім беру жүйесі өзгергендіктен білім беру процесіндегі негізгі жылжымайтын күш-педагогта өзгеруі тиіс. Жаңаша білім беру үрдісінде оқушыларға білім берудегі мақсат бірінші орынға баланың білім, білік, дағдыларын ғана емес, оның алған білімдерін жай ғана иеленіп қана қоймай, оны практика жүзінде орынды жерде қолдана білетін тұлғаны қалыптастыру.

Елбасы Н. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, оларды мұғалім қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», - делінген. Сондықтан жаңа форматтағы педагогтан тек өз пәнінің білгірі болуды ғана емес, педагогикалық-психологиялық білімділік, саяси экономикалық көзқарас пен білімді талап етеді. Кез келген білім бағдарламасының табысты орындалуы-мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі жаңа бағдарламаны да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады. Мұғалімдер қауымы жаңаша білім беру үшін жаңаша әдіс-тәсілдерді игерген, ақпараттық коммуникативті технологияларды толық игеруі шарт. Ұлы ойшыл Абай атамыз айтқандай адам бойындағы ізгі қасиеттерді оятатын ұлылық-ұстазда.

Ақпараттық технология құралдары оқыту үдерісінің барлық кезеңдеріне, жаңа тақырыпты меңгертуде, алынған білімді бекітуде, қайталауда, білім-білік дағдысын бақылауда қолдануға болады. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі біліммен байлап беру керек», - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. [2] Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде маңызды мәселелердің бірі-оқытуды ақпараттандыру, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Өзім сабақ беретін математика және физика пәндерінде АКТ-ны пайдаланудың тиімділігі -оқушы өз бетімен жұмыс жасай алады-аз уақытта көп білім алып, ой-өрісі кеңейеді, -аз уақыт ішінде бірнеше баланың

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

білімін бағалап уақытты үнемдейді,-бағдарламадағы материалды қай дәрежеде меңгергенін айқындауға -білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексереді -қашықтықтан білім алу мүмкіндігі ашылады -қажетті ақпаратты тез алу мүмкіндігі оқушы ой-өрісін, дүние танымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Жаңа ақпараттық технология құралдары оқыту қызметін атқарады.Электрондық оқу құралдары,компьютерлік тестілеу, аудио және видео материалдар,интернеттегі ақпараттық материалдар оқытудың сапасын арттыруға көмегі тиеді.Дәстүрлі емес сабақтарды өту арқылы оқушылардың ой-толғауын білімін,қабілетін кеңейтуге болады.Білімді даяр күйінде бермей,оқушылардың алдына белгілі бір мәселені міндет етіп,оны олар инновация элементтерін пайдалана отырып,ізденіп шешуі тиіс жолдарды пайдалану.Бұл арқылы олар проблемалық жағдай туған кезде оны дұрыс шешебілу тәсілдерін үйренеді.Мұның нәтижесінде өз бетінше өмір сүре алатын шығармашыл азаматтар тәрбиелейміз.Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі-жаңаша инновациялық көптілді білім беру моделін құру болып табылады.Заманауи мектеп бітірушілеріне шет тілін сапалы меңгерту-өмірден туындап отырған қажеттілік.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы шет тілін еркін меңгеру сұранысын жоғарылатып теориялық және практикалық білімді терең де сапалы меңгеру шеберлік пен дағдысын талап етіп отыр.Көп тілді оқыту негізінде бейімдеу-дамыған тұлғаның әлемдік өркениет кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілік кепілі.Қазіргі жастар өздерінің алдына үлкен мақсат қоя біледі.Олар шетелде білім алуды армандайды.Сол себепті жекеленген пәндерді ағылшын тілінде оқыту заман талабы.Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруына себептігін тигізеді.Білімді дайын қалпында қабылдамай,оны өздігімен қалыптастырудың тұлғаны дамытатындығы,өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы тәжірибе жүзінде дәлелденіп келеді.

Қазіргі таңда 500-ге жуық педагогикалық технологиялар бар.Олардың ішінде 20-ға жуығы инновациялық технологиялар қатарына жатады.Соның бірі-18 елдің тәжірибесінде енгізілген «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясы.Бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады,ойлау белсенділігін,тапқырлығын,өзіне деген сенімділігін,іскерлік дағдысын қалыптастырады.Сабақ құрылымы қызығушылықты ояту,мағынаны ажырату,ой толғаныс кезеңдерінен тұрып,әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып,алға мақсат қою,мәселені зерттеу,жауап іздеу,оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді.Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым байланысады.Мұнда оқушыға ойлануына ,ойын ашық айтуына уақыт берілуі керек.

Заман ағымына қарай ,математика, физика сабақтарында видео,аудио қондырғылары,компьютерді қолдану оқушының дүние танымын кеңейтеді.Әсіресе,оқулықтардағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материал жинақтап,білімдерін кеңейтіп,шығармашылығын дамытады.Тесттік тапсырмалар орындайды.Ақпараттық мәдениет дегеніміз-тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес,кез-келген ақпарат көзін;анықтамаларды,сөздіктерді,теледидар бағдарламаларын т.б. дұрыс пайдалана білу деген сөз.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі-бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға,ізденуге,өз жұмысының нәтижесін көріп,өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен қуаныш алуға мүмкіндік береді.Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат-оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып,бүгінгі заман талабына сай білім беру.

Қорыта келе, Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Біз 2020 жылға қарай табысы жоғары елдердің қатарына қосылуды көздеп отырған елміз. Еліміздің болашақ ғылыми элитасын жасау үшін, дарынды оқушылардың мүмкіндіктерін дамыту-педагогтардың маңызды борышы» –деп атап көрсетілген.[3] Қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауаттылығы, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзіреттілігі дамыған тұлға болуы қажет. Қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс істеу, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

АЛИМОВА АНАРХАН РАХИМЖАНОВНА
*Түркістан Облысы, Кентау Қаласы, Шорнақ Ауылы,
«Шорнақ» Жалпы Орта Мектебі Педагог-Психологы*

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН НЫҒАЙТУ

Еліміздің егемендік алған уақыт ішінде қоғамда қаншама өзгерістер болды. Сол өзгерістер туғызған соңғы жаңалықтар бала өміріне тікелей әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Қазір біз өмір сүріп отырған қоғамдағы білім саласының басты мақсаты – әр оқушы өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл білімді тұлға қалыптастыру болып табылады. Ата-аналармен бірлесе отырып, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, білімін кеңейтуге тереңдетуге жағдай жасау. Өзінің бойындағы күш жігерін, сенімін нығайту, өмірге қызығушылығын, жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Ата-ананың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру. Осы міндеттерді орындау барысында біздер қандай кедергілер болса да жеңуге тиіспіз. Оқушылардың өміріндегі бір нәрсені ерекше деп алып, соған қатты зер салып, қалғандарын елемей қалдырсақ, ол қателіктің ең зоры болып табылады. Ондай ұсақ – түйектер үздіксіз күнбе – күн кездесіп отырады және өмірдің өзі сол ұсақ - түйек-тен құралады. Ата – ананың жасөспірімдерді қалыптастырудағы рөлі өте зор. Ата – ана-ның бала алдындағы жеке басының үлгі өнегесі, беделі жоғары болуы керек. Кез келген адам ұшқыш немесе ұстаз бола алмайды. Ал өмірге ұрпақ әкелген соң өнегелі отбасын құрып, әке мен ана болу – әр бір адамның міндеті.

Ата-ананың киім киюі, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы, өзгеге деген ілтипаты, үй ішіндегі тазалық пен тәртіп, сыпайы мінез, мейірімділік, төзімділік, балаға деген сүйіспеншілік тәрбие барысында өзінің оң нәтижесін берері анық. Баланың үйде көргені, ата-анасының жақын туыстарынан естігені – ол үшін тәрбиенің ең үлкені. Баланы жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсіру мен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлт-жандылыққа, адалдыққа, жинақылыққа үйрету қажет.

Кейбір жанұяда ата-аналар өзінің жауапкершілігін сезіне бермейді. Осының нәтижесінде тәртіпсіздік туады. Бала мінез – құлқын қалыптастырудың негізгі көздерінің бірі - жанұядағы еңбек тәрбиесі. Жанұяда еңбек тәрбиесі талабына сай ұйымдастырылуы керек. Жанұя мүшелері еңбек іс-әрекеттерін орындауда тең құқылы өзінің қабілетіне, жас ерекшелігіне қарай қызмет етуі керек. Баланың еңбек тәрбиесі, күн режимі педагогикалық талаптарға сай болу керек.

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

Ата-ананың баласына қалдыратын ең үлкен мұрасы –оны жақсы тәрбиелеу. Отбасы мықты болса, Отан да мықты. Ата-аналар мен мектептің бір де бір мақсаты жан – жақты жетілген үйлесімді дамыған адамгершілігі мол парасатты, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру. Баланы тәрбиелеуде әр ата –ана мұғаліммен тығыз байланыста болып түсінбегенін сұрап, пікірлесіп отыру керек, осындай жағдайда ғана балалардың жағдайын түсініп олардың адами қасиетінің дамуына ықпал жасай аламыз деп ойлаймын. Халық педагогикасында мынадай жақсы философия қалыптасқан. «Баланы 5-ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла» -деген. Осы қағидаларды жинақтай келе ата-аналарға мынадай ұсыныстар айтқан болар едім:

1. Бала тәрбиелеу - бесіктен басталады. Ендеше оған әрдайым көңіл бөліп, сергек

қараңыз. Қателігін зекіп, ұрысып немесе ұру арқылы түзетуге тырыспаңыз.

2. Таңертен сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үнііз бен күлкііз-ақ ұйқысын ашуы тиіс.

3. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да бол» деп айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзііз кінәлісіз.

4. «Бұзық болма», «Қисалаңдамай тыныш жүр», «Бүгін 2 алсаң құртамын» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік жасаңыз.

5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балаңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз.

6. Бала бірденеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жағдайды өзі-ақ айтады.

7. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып, сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі - сабаққа әзірленудің сәтті кезі.

8. Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.

9. «Егер сен осы сабақты орындамасаң» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзііз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз.

10. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып, әңгімелесіп тұрыңыз.

11. Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.

12. Егер балаңыз айтқаныңызды тындамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз.

13. Өз балаңызды дос санаңыз: білімін толықтыруға көмектесіп, жақсы ісін бағалай біліңіз. Шамамен тыс қатал, керісінше тым көңілшек болмаңыз. Нақты шешім ғана баланы қателесуден сақтандырады.

14. Отбасыңыздағы ұрыс-керіс балаңыздың жүйкесін жұқартады. Баламен бірге отырған жерде құпиялы әңгімен айтпаңыз.

15. Балаңызға уәде берсеңіз орындаңыз. Кемшілікті байқамауға тырысыңыз. Баланың көзінше өзгені сынамаңыз.

16. Тәрбие ісінде өзііздің жауапты екеніізді ұпытпаңыз, баланың өтінішін үнемі орындай бермеңіз.

17. Баланы өзгелерге де көмектесіп тұруға баулыңыз. Оған шыдамды болуды үйретіңіз.

Ал мектеп саналы мейірбан адамның қалыптасуына көмек көрсетеді. Ұлы ға-лым, философ Әбунасыр әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбие-сіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген

екен. Бұдан шығатын түйін: бала тәрбиесіне, ең әуелі, оның өз ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ой, сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек.

Отбасында баланы ұлтын сүюге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық өнерге бау-лу, шыққан тегін білуге, еңбек етуге тәрбиелеу жүзеге асса, сонда ғана, өсе келе мектепте осы жарты бүтінделіп, біліммен қатар саналы тәрбие жалғасын табады.

«Адамның бір қызығы - бала деген» деп Абай атамыз жайдан - жай айтпаған, бала-адамның да, өмірдің де қызығы. Бала - өмірдің жалғасы, халық-тың мұрагері. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, жан-жақты тәрбиелі болуы тағы да қайталап айтқым келеді, ол отбасында берілетін тәрбие-ге тікелей байланысты. «Ата - анадан өсіп ұрпақ таралған, жақсы жаман болса бала - солардан » дейді қазақ. Бала жасынса қалай тәрбиеленсе, есейгенде соны істейді.

Отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептейміз. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке- жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Тәрбиенің көзі ата- бабаларымыздың дана сөзі десек, ата- ана сол насихаттарды жүргізуші. Бұны ата- аналардың қоғам алдындағы үлкен міндеті десек те болады.

Қазақ мектебінің болашағы туралы Мағжан Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты...»деуі, Ұлы жазушы, әрі ғұлама М. Әуезовтың «Ел болам десек, бесігінді түзе» деген нақылы еліміздің ертеңі - жас ұрпағыңды жақсылап өсір деген сөз. Жас ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, ел ертеңі. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болады»деп А. Бай-тұрсынұлы айтқандай мемлекетіміз де ұрпақ тәрбиесіне батыл назар ауда-рып келеді. Себебі бала - еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі. Еліміздің - ажары мен базары.

Біздің жастар елімізді, жерімізді, тілімізді бүкіл әлемге паш етсін десек, жаңа заманға лайық етіп тәрбиелейік. Шәкірттеріміз көзге ғана емес, көңілге де қуаныш сыйлап, өміріміздің гүліне, мәні мен сәніне айналсын. Біз тәрбиелеген ұрпақ тәрбиелі де тәртіпті, ақылды да өнегелі, рухани адамгершілігі мол Қазақстанның беделді азаматы болады деп сенемін.

Ендеше, ата - аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және де біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық!

ТҰРЛЫБЕКОВА БАЯНСҰЛУ АЛЛАХИЯРҚЫЗЫ

*«Шорнақ» Жалпы Орта Мектебі Жанындағы
Шағын Орталық Тәрбиешісі*

МЕНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯМ

Адам өзінің болашақ кәсібіне әр түрлі жолдармен келеді. Біреулер үшін-ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін –жаңалық- қа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге- әйтеуір бір мамандық алу керек болған. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы- адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс табыс биігіне жеткізетін қанат.

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ « Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі- жар таңдағанда, екіншісі –мамандық таңдауда» -деп бекер айтпаса керек.

Мен алғаш мектеп табалдырығын аттап, алғаш рет қолыма қалам ұстаған күннен бастап, менің арманым мұғалім болу еді. Қазір мен өз арманыма жеттім және маған сабақ берген ұстаздарыма, дұрыс жол көрсете білген ата-анама алғысым шексіз. Әр мамандықтың өз қиындығы, өз қызы-ғы бар. Менің таңдаған мамандығым- тәрбиеші. Мұғалім немесе тәрбиеші болу оңай емес.

Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұң-ғыш мектеп - ол балабақша. Балабақша келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар намысын қорғауға және ізгі адамгершілік ниеттерге баулиды. Балабақша - келешек, ел басқарар, жер суына иелік етер, ел халқын гүлдендірер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап, өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя болып саналады.

Балабақша... Осы сөзді қайталап айтып көріңізші. Құлаққа қандай жағымды, анық, қарапайым естілетін сөз. Жасы үшке толар толмастан тілі былдырлап, томпаңдап келген баланы бауырына қысып, еркелету, ойнату қандай қызық. Әрбір сәбидің жүзін көргенде бақыттың базарында жүргендей күй кешесің.

Тәрбие -балабақшадан басталады. Тәрбиешінің шеберлігі -бұл балалардың ыңғай-ын тауып, әрбір баланы бауырына баса білу. Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген ұрпақ, ендеше жақсы тәрбие ең алдымен балабақшада басталады емес пе? Әр үйдің кішкентай бөбектері мектепке дейін ата-анасының тәрбиесімен қатар өнер-білімге баулитын балабақшада өсіп, тәрбиеленетіні анық. Бүлдіршіндер үшін балабақшадағы тәрбие ата-ана берген тәлім-тәрбиені жалғастырып, жандандыратыны сөзсіз.

Тәрбиеші жұмысы күрделі және қызықты да жауапты. Балабақшаға кіргенде жас бүлдіршіндердің жағымды үндері, сыңғырлаған күлкілері «Сәлеметсіздер ме, балалар?» деген сөзіңе берген балалардың « Сәлеметсіз бе?» деген жауабы бір сергітіп,серпілтіп тастайды. Сондықтан да, бұл сөз мен үшін қадірлі, мен үшін құдыретті сөз. Күнде таңертең жұмысқа келгенде, балалармен бірге болған әрбір уақытым мені жаңа әлемге жетелегендей болады. Алдымда отырған жас бүлдіршіндерімнің сүйкімді де әдемі, байсалды да ақылды жүздерін көрсем, әрбір үйдің ерке баласының жүздерінен не нәрсені де білуге құштар шабытты, сұраулы жанарларын байқаймын. Осы бір «Балалар әлемінің» теңізіне бір бағыт алсаң ешқашан басқа жаққа кете алайсың деп ойлаймын.

Тәрбие – қалып тәрізді, егер қалып қисық, олпы-солпы болса, сол қа-лыпқа салынған зат та оңды болмайды. Бала тәрбиесі де дәл сол сияқты. Сон- дықтанда бала бойына жас

кезінен бастап рухани құндылықтар, мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндік сияқты қасиеттерді қалыптастыру - тәрбиешінің міндеті. Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе-бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Сонда ғана бала бой көтеріп, бәйтерекке айналады. Балаларға тәрбиелік ықпалдың тиімділігі олармен көбінде дұрыс қарым-қатынас жасай білуге байланысты. Қазақтың белгілі ақыны Мағжан Жұмабаев «Бала тәрбиесі - бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» дейді.

Күнделікті таңертең балабақшаға кіргеннен-ақ, өзінді мазалаған сан түрлі ойлардан арылып, балалардың тәтті қылықтары мен әдемі жүздерін көргенде шаттанамын. Балалардың әр күні біздің көз алдымызда өтіп жатыр. Бала-бақшада алдымызға келген балалар бірі тілалғыш, бірі айтқанды істемейтін, бірі көңілшек, бірі ашық жайдарлы, бірі біреудің маңдай алды жарығы, енді бірі - жар дегенде жалғыз, бірі - ерке, бірі - қой аузына шөп алмас момыны. Яғни, аралас орта. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Маңдай алды жарығын таңшолпандай жарқыратып, жар дегенде жалғызды көпшілікке үйретіп, қой аузынан шөп алмасты ортада жарқылдап сөйлер шешен қылып тәрбиелеу үшін қажымас қайрат пен батырлық қажет.

Міне, осы жерде балалардың мінездерінің әртүрлілігіне мән беріп, жалпы ортақ тәрбие - адамгершілік тәрбиесі беріледі. Алайда баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату мына біз тәрбиешілердің еншісінде. Өйткені бала - кіршіксіз пәк, тап-таза, мөлдір бұлақ іспеттес. Бұлақтың бастауын, көзін ашып тұнығуына қону үшін қаншама қиын да қызықты еңбек пен тер төгу керек. Бала тәрбиесі бір сәтте назардан тыс қалмауы тиіс. Баланың ойын кезіндегі белсенділігі, өзара қатынастар жасауы оның дамуына ықпал етеді. Әр түрлі ойындар, шүйіркелесу, достасу, бірге отыру, бірге тамақтану, бір-бірін құрметтеу, ұрмау, жылатпау, көмектесу сияқты жан-жақты тәрбие беру тәрбиешінің қатысуымен іске асады. Бала жас тал болса, ал ересектер оған бағбан болуы ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан іс. Сәби жанын небір жақсылық нәрімен суару-оны өсіруші, тәрбиелеуші тәрбиешінің міндеті. Бүлдіршіндердің сезімдері өте нәзік, әсершіл келеді. Оларға айтқан, көрсеткен нәрселердің бәрі - шындық, сұлу, әсем, жарасымды болуы керек. Балаларды ана тілінде әдемі сөйлету олардың ой-сезімдерін еркін көркем жеткізе алуға баулу, танымдық қабілеттерін дамыту - тәрбиешінің мақсаттарының бірі.

Балабақшадағы тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы. Балалармен жұмыс жасау - үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені, мен оларға, олар маған қажетігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы - әр тәрбиешінің бақыты. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып көрсетіп қана қоймай, бар жүрегімен және жан-тәнімен сезіне білуі қажет. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты. Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде қатты шаршағанымды сезінемін. Бірақ сол өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, балаларымның ыстық ықыласын, маған ұмтылған үміт пен көздерін, тәтті қылықтарымен, сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Осы бір «балалар әлемінің теңізіне» бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейтінін түсінемін. Өйткені, бала пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Балалар-өмір гүлі. Ал гүлдер ешқандай жасандылықсыз, шынайылықпен баптағанда ғана өседі. Қазіргі таңда балдырғандардың туған жерін сүюге, өз елінің патриоты болып өсуіне барынша жағдай жасалған. Өйткені елдің ертеңгі тірегі - балдырғандырымыз. Олар заман талабына

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда тәрбиешілер қауымына үлкен жауапкер-шілік жүктеліп отыр. Жан-жақты білім алған, тәлім-тәрбие алған парасатты, саналы азаматты тәрбиелеп шығару, олардың жан дүниесін әлемдік өркени-етке сай рухани қазыналармен байыту, халықтық педагогика дәстүрлерінің озық өнегелерін ой санасына орнықтыру - бүкіл ел-жұрт, ауыл - аймақ, отба-сы, қоғамдық мекемелер болып бірлесе атқаратын аса жауапты міндет. Сол себепті, тәрбиешілеріміз үнемі шығармашылық ізденіс жолында болуы тиіс.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, оған апат әкеледі» деген ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әрбір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса құба-құп болар еді. Ал балабақшадағы тәр-бие ата-анадан берілген тәрбиені жалғастырып жандандырады. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата-аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Ата-аналар А.С.Ма-каренконың «Балаларды тәрбиелеу -біздің өміріміздегі ең жауапты сала . Дұ-рыс тәрбиелеу- бұл біздің бақытты ,қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу- бұл біздің келешек қасыретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы , бүкіл ел алдындағы айыбымыз» деген пікірінің мағынасын түсі-нуі тиіс.Сондықтан әр отбасында ата -ана өз баласының инабатты , тәрбиелі де әдепті, адамгершілігі зор азамат болып өсуі үшін ұлттық тәрбие бере білуі керек. Сонымен қатар ата - аналар мен мектепке дейінгі ұйымдар ұлттық тәр-биеге де мән бергендері жөн. Бұл саладағы күш-жігер алдымен бүлдіршін-дерді Отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталады. «Отан» деген ұғымды балаға дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын -туыстары, туған жері, кең-байтақ гүл жазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бей-несінде қабылдатып, ең қасиетті де , құдіретті алтын бесігі ретінде үйретуге тиіспіз. Осы жерде тәрбиешілеріміз үнемі үздіксіз шығармашылық ізденіс жолында болса керемет болар еді.

Тәрбиешінің жұмысын жеңіл деп айтуға болмайды. Бұл тынымсыз күнделікті жұмыс, менің мойнымда кішкентай баланы тәрбиелеу үшін үлкен жауапкершілік жатады. Мен дұрыс мамандық таңдағанымды білемін. Балалардың жарқын жүздері,күлкісі, ата-аналардың ризашылығы соның белгісі. Біздің мамандық басқа мамандық сияқты емес, махаббатпен қоршалған, шынайы махаббатқа толы. Әрбір бала біз үшін меруертке тең. Бұл тас тастардың ішіндегі арнайы өңдеуді қажет етпейтін тас. Әр бала балабақшаға келгенде, өз үйіндегідей жылулықты сезініп, өзін еркін ұстап, балабақшаны өзінің екінші үйіндей санаса ол тәрбиешінің зор еңбегі.

Мен өз мамандығымды жақсы көремін. Өйткені, балалармен өсіп, жетіліп, олармен бірге бақытты балалық шақты бастан кешемін. Біз балаларымызға ертегімен, өлең жолдарымен, өзіміздің сиқырлы қорымызбен ақыл айтуымыз керек. Абай атамыздың мына бір : «Баланы ең алдымен мейірім-шапағатқа, содан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы» деген сөзі менің ұстанымыма айналғандай. Менің бала бақшада тәрбиеші болғанымға көп бола қойған жоқ. Дегенмен мен бұл ортада еңбектенуден жалықпаймын деп сеніммен айта аламын.

Сөзімді «Тәрбие –тал бесіктен басталады» деген халқымыздың дана сөзімен қорытындылағым келеді. Тал бесіктен бастау алған тәрбие ғана же-місті болмақ. Демек, баланың тәрбиелі ұрпақ болып жетілуіне бірден-бір ық-пал ететін орын – балабақша. Бала тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең маңыз-ды міндет. Біздің қызметіміз де, өміріміз де бала өмірімен өте тығыз байла-нысты. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, жерін, ата-анасын құрметтейтін саналы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, білімімізді аямайық!


САГАТБЕКОВА СЕРИКҚАЙША КАБЫЛГАЗИНОВА



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№70 мектеп-лицейі»

ДЕЗОКСИРИБОНУКЛЕИН ҚЫШҚЫЛЫ МОЛЕКУЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ПРИНЦИПІ

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы	Мектеп: №70 мектеп-лицейі
Күні	Мұғалімнің аты-жөні: Сагатбекова Серикқайша Кабылгазиновна
Сынып	Қатысқандар Қатыспағандар
Сабақ тақырыбы	Дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының құрылысының принципі
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	9.4.1.2.Дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шиыршықты (спираль) құрылымын сипаттау
Сабақтың мақсаты	- Дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде дезоксирибозануклеин қышқылының құрылымын түсіндіреді - Дезоксирибозануклеин қышқылының молекуласын модельдей отырып, азотты негіздердің пайыздық мөлшерлеріне есептеулер жүргізеді. - Тұқымқуалаушылық ақпарат тасымалдаушысы ДНҚ екендігіне көз жеткізе отырып, комплементарлық принципінің эволюциялық мәнін бағалайды.
Бағалау критерийі	- Дезоксирибозануклеин қышқылының құрылымын түсіне отырып, азотты негіздердің топтарымен танысып, сипаттайды. - Дезоксирибозануклеин қышқылының молекуласын модельдеу арқылы нуклеотидтердің комплементарлық ережеге сай орналасу реттілігін біліп, нуклеотидтердің мөлшерін есептейді. - ДНҚ арқылы тұқымқуалайтын белгілердің эволюциялық мәнін бағалайды.
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты лексикология мен терминология: нуклеотид, азотты негіз, пуриндік негіз, пиримидиндік негіз, хромосома, хромотин, гистон, комплементарлық ереже, аденин, гуанин, цитозин, тимин. Пәндік диалог -Нуклеин қышқылдарының мономері..... -Азотты негіздерге жатады..... -Азотты негіздердің жіктелуі.... -ДНҚ-дан тұратын тығыз шиыршықты денешік... -Адениннің санының тиминге, гуанин санының цитозинге сәйкес келуі.... Нуклеотид/nucleotide/нуклеотид, азотты негіз/азотистая основа/nitrogen base, пуриндік негіз/пуриновая основа/acrylic base, пиримидиндік негіз/пиримидиновая основа/pyrimidine base, хромосома/хромосома/chromosome, хромотин/хромотин/chromotin, гистон/гистон/histone, комплементарлық ереже/правила комплементарность/rules of complementarity, аденин/аденин/adenine, гуанин/гуанин/guanine, цитозин/цитозин/cytosine,

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

	тимин/тимин/thymine.	
Құндылықтарға баулу	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. ДНҚ арқылы тұқымқуалайтын ерекше белгілерді инновация негіздерінде пайдалану.	
Пәнаралық байланыс	Генетика, медицина, экология	
Алдыңғы білім	7.2.4.4 Хромосомадағы генетикалық ақпарат дезоксирибозануклеин қышқылы рөлін түсіндіру 7.2.2.1 Әртүрлі ағзалардағы хромосомалардың саныны салыстыру 7.2.2.2 Соматикалық және жыныс хромосомаларындағы хромосомалар санының әртүрлілігін түсіндіру 8.4.1.3 Нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау 8.2.4.1 Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы рөлін дәйектеу	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақ басы 5-7 минут	Жағымды психологиялық ахуал туғызу. Әдісі: «Сегіз керемет» Күннің шыққаны керемет!!! (күнді бейнелеу, қолды шапалақтау). Желдің соққаны керемет!!! (желдің бағытымен қолды қозғалту, қолды шапалақтау). Достармен бірге жүрген керемет!!! (аяқпен қадам жасау, қолды шапалақтау). Анаңды құшақтаған керемет!!! (өзін құшақтайды, қолды шапалақтау). Туған жердің төсінде ауасымен демалған керемет!!! (қолды кең жаяды, қолды шапалақтау). Өз үйінде өмір сүрген керемет!!! (үйді қолмен бейнелейді, қолды шапалақтау). Билеп, дөңгеленген керемет!!! (айналады, қолды шапалақтау). Қазақстандық болғаным керемет!!! (бас бармағын көрсетеді, қолды шапалақтау). Сыныпты шағын топтарға топтастыру. «Іс сапар» әдісі. Әр топ мүшелері орындықтарының артында жабық күйде жабыстырылған қағаз қиындыларындағы А, Т, Г, Ц әріптері бойынша өз тобынан (жұмыс орындарынан) басқа топқа барады. Алған әріптерін аяқтап жазады. Мысалы, А әріпін Аденин деп аяқтайды. І топ: Аденин ІІ топ: Тимин ІІІ топ: Гуанин ІV топ: Цитозин Алдыңғы білімді еске түсіру. «Бір минут» әдісі, жеке жұмыс Қ.Б.«Үш шапалақ» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды	Қағаз қиындылары 

Сабақ ортасы 28-30 минут	Тапсырма 1. «Борт журналы» әдісі, топтық жұмыс Оқулықтағы мәтінді оқып, борт журналын толтырады Дескриптор: - Нуклеотидтердің құрам бөліктерін ажыратады; - Терминдерге анықтама береді; - Аденин, тимин, гуанин, цитозин азотты негіздердің топтарын сипаттайды. Қ.Б.: «Бутерброд» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды. Кері байланыс: «Мен саған, сен маған...» Сұрақ қояды, қойылған сұраққа жауап берген оқушы, қарама-қарсы өзі сұрақ қояды (Сұрақ термин сөздер бойынша қойылады және үштілдік аудармасы жасалады). Тапсырма 2. «Ойлан, жұптас, бөліс» жұптық жұмыс Әрбір жұпқа берілген тапсырма бойынша жұмыс жасайды. I жұпқа 1) А суретінің сызбасын аяқтау А суреті  2) ДНҚ-ның бір тізбегі: АГГГЦТТААГ 2-ші тізбегін жасау II жұпқа 1) В суретінің сызбасын аяқтау 2) А, Ц, Т, Г, Г тізбектерінің мөлшері беріліп, екінші тізбектің мөлшерін анықтайды.  В суреті А - 25%, Ц - 30%, Т - 15%, Г - 18%, Г - 22% Дескриптор - Аденин, тимин, гуанин, цитозин нуклеотидтерінің орналасу реттілігін жасайды. - Нуклеотидтердің мөлшерін есептейді. Қ.Б. «Қолыңды төмен ұста» оқушылар бір-бірін бағалайды, дұрыс жауапқа «Жарайсың!» сөзі айтылады. Кері байланыс: «Мүмкін» Тапсырма 3. «5-5-1» әдісі, жеке жұмыс	Оқулық, түрлі-түсті маркерлер. Сызғыш, қалам. Қосымша1. Модель құрастыру
-------------------------------------	--	--

	Дескриптор: - Видео көрсетілімнен ДНҚ құрылымын сипаттайды. - ДНҚ құрылымының байланысын айтады. Қ.Б. «Оқушы өз-өзін бағалау бойынша күнделік» Кері байланыс: ДНҚ құрылысында қандай ерекшеліктер болды? Тапсырма 4. «Микс» әдісі, жеке жұмыс Берілген конверттерден азотты негіздердің байланысына сәйкес келетін конвертті таңдап алып, ішінен тапсырма жазылған бір парақшаны алып және парақшада берілген тапсырманы мәтін мазмұнына сүйене отырып орындау. А тапсырмасы «Сәйкестендіру кестесі» Дескриптор: - Сәйкестендіру кестесін толтырады - Тимин мен гуаниннің мөлшерін есептейді. В тапсырмасы «Сызба нұсқалау» ДНҚ-ның химиялық құрам бөліктері мен хромосоманың сызба нұсқасын жасау. Дескриптор: - ДНҚ-ның химиялық құрамбөліктерінің сызбасын жасайды. - Сызба нұсқаны түсіндіреді. С тапсырмасы «Сұрақтар қойылымы» Хромосомалары нуклеопротейдтерден емес, тек ДНҚ-дан тұратын ағза бола ма? Талқылып, дәлелдендер Дескриптор: - Тек қана ДНҚ-дан тұратын ағзаға мысал келтіреді. - Нуклеопротейдтер болмайтын ағзалардың тұқымқуалауын қасиетін талқылайды. ҚБ: «Жетон» әдісі Мұғалім оқушыларды жасыл – «толық», қызыл- «толықтыру қажет», сары – «ойлан» түсті жетондар беру арқылы бағалайды. Кері байланыс: «Х және Y үлгісі» 1.Неліктен аденин тиминге сәйкес келеді? 2.Неліктен ДНҚ хромосомада орналасады? 3.Неліктен ген ДНҚ-ның кесіндісі болып табылады?	АКТ BilimLend ресурсы https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/zhasusha-ahzalardyng-tirshilik-birligi/tuqym-qalau-aqparattary-zhane-onyng-zhasushada-zhuzeg-asuy/lesson/dnq-aquydzardy-sintezdeuge-arnalhan-matricza А конверті, Г конверті, Ц конверті
Сабақ соңы 5 минут	Рефлексия Активатор 3-2-1 3 нәрсені білдім. 2 нәрсені түсіндім. 1 нәрсені қолдануға дайынмын. Үйге тапсырма: Оқулықтағы 145 беттегі тапсырманы жазбаша орындау	

ЖЕКЕБАЕВА ЖАЗИРА ШАЙКЕНОВНА
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№70 мектеп-лицейі»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақсаты: оқушылардың экологиялық білімін тереңдету, қоршаған ортаны, жер-ананы сүйе білуге, аялай білуге тәрбиелеу.

➤ **Міндеттері:**

1. Еліміздің экологиялық ахуалы жайлы білімдерін толықтырады.
2. Табиғи сұрыпталу мен қолдан сұрыптауды салыстыра отырып, өзіндік іскерлік дағдыларын қалыптастырады.
3. Қоршаған ортаның ахуалымен таныса отырып, экологиялық тәрбие алады. Қоршаған ортаны қорғауды үйренеді.

➤ **Табыс критерийлері:**

- Барлық оқушылар: экологиялық тәрбие алады.
- Көпшілік оқушылар: функционалдық сауаттылықтары артады, өз ойларын жеткізе алады, қорытынды шығарады.
- Жекелеме оқушылар: Астана қаласының экологиялық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосады.
- Сынып: 10 «А»
 - Өткізілу формасы: баспасөз конференция
 - Көрнекілік: тақырыпқа байланысты қанатты сөздер, «Экология - заман талабы» атты стенд, презентация. Экологиялық ақпарат жүйесі – орталықтары, «Зерде» газеттерінің өкілдері, «Жасыл ел» телеарна өкілдері, эколог, физик, биолог, метеоролог.
 - Дидактикалық материалдар: тірек сөздер, интернет ресурстары

Жоспар:

1. «Экология» ғылымы туралы қысқаша түсінік беру;
2. Әр саладағы болашақ мамандарға сөз беру: эколог, химик, физик, биолог, метеоролог және газет, телеарна өкілдері;
3. Сұрақтар қойып, пікірталас жүргізу;
4. Қорытындылау.

Экологиялық баспасөз конференциясы мұғалімнің кіріспе сөзімен басталады (музыка әуені).

- Оқушылар, бүгінгі: «**Экологиялық өзекті мәселелер**» атты экологиялық баспасөз конференциямызды бастаймыз. Экологиялық баспасөз конференция дегеніміз – ақпарат жүйелерімен сұхбаттасу арқылы білімдерімізді ортаға салу және экологиялық мәселе бойынша қаулы қабылдау.

Бастаушы: -Құрметті конференцияға қатысушылар, бүгінгі баспасөз конференциямызды бастаймыз. Ең алдымен экологияның сөзіне тоқталып кетсем. Экология – өсімдіктердің, жануарлардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін аса маңызды саласының бірі.

Ауада оттегінің азайып, стратосферада озон қабатының жұқарып, биосферада миллион тонна улы газдар мен шаң-тозаңдардың көбеюі адам денсаулығына ғана емес, өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесінің өмір сүруіне үлкен зиянын тигізуде. Қоршаған ортаны, жер-ананы қорғауға экологтармен бірге биолог, химик, физик, метеорологтар да ат салысып, өз үлесін қосуда.

Бастаушы: - бүгінгі таңдағы адамзатты алаңдатып отырған тақырып – «Экологиялық апат». Мына сөздерді жиі естиміз: «Ойланыңдар, адамдар!», «Жер болашағына қауіп төнуде! Болашаққа біз жауаптымыз». Бірақ осы сөздер ұран түрінде ғана айтылып, ал

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

нақты жүргізіліп жатқан шаралар аз ғана. Біз адам өміріндегі экологиялық апаттың табалдырығында тұрғанымызды еске алуымыз керек. Ақын жүрегінен шыққан мына бір өлең жолдары осыны еске түсіреді:

Табиғаттың тарылтпайық мөлдір кәусар тынысын,

Пәк табиғат жүрегіміздің тамылжыған жырысың.

Ей, адамдар, қалай ғана қатыгездік жасайсың,

Ол анаң ғой, ал сен кенже ұлысың!

Ендігі сөз кезегін ортамызда отырған болашақ мамандарға береміз.

Болашақ **эколог-химик (Айбол)** бүгінгі көтеріліп отырған тақырыпқа сәйкес «парниктік эффект», «қышқылды жаңбыр», улы газдардың зиянды әсері туралы өз пікірін ортаға салды.

«Парниктік эффект» дегенді былай түсінуге болады: өнеркәсіп орындары атмосфераны әр түрлі улы газдармен, майда шандармен ластайды. Осы улы газдар қоспасының ауада шамадан тыс көбеюі тірі ағзаларға қолайсыз «парниктік эффект» құбылысын тудырады. Мұның зиянды салдары – жер бетіндегі пайда болатын жылудың тұтылуына, мұхит суларының жылынуына себепші болуы.

Келесі сөз кезегі болашақ **биологке** келді.

Биолог: (Гүлжазира) –Қазіргі заманда адамның қоршаған ортамен қарым - қатынасы күрделенді. Адам санасының өсуі, өнеркәсіптің тез өркендеуі, ғарышты игеру қоршаған ортадағы тепе – теңдіктің бұзылуына әкеліп соғуда. Бүгінде Қазақстанда экологиялық мәселе өзекті мәселеге айналды. сонымен қатар биолог өсімдіктердің ластанған ауаны тазартушы екенін айта келе, ауадағы улы газдардың мөлшерін азайту үшін ірі қалалар мен ауылды жерлерге тал егіп, өсімдіктер мен гүлдерді көп отырғызу – қоршаған ортаны тазартуда және ауаны оттегімен байытуда ең пайдалы іс екенін айтып өтті.

Келесі сөз болашақ **физикке** (Аружан) берілді.

-Тіршілік үшін ең қауіпті нәрсе – радиоактивті заттармен улану. Адам ағзасы кез келген аурумен шамасы келгенше күреседі, радиация әсеріне қарсы тұра алмайды. Кез келген адам биосфера ішінде азды-көпті радиация әсерін алып тұрады. Радиацияның 3 түрі болады: 1. Космостық радиация. 2. Топырақ құрамында кездесетін табиғи радиоактивті элементтерден шығатын сәулелер. 3. Ауа мен су, тамақ арқылы келетін радиоактивті заттар. Табиғи сәулелердің жалпы мөлшері жер бетінің әр жерінде әр түрлі. Мысалы, Европада – 200 мбэр, Бразилияда – 50 мың мбэр, Индияда – 100 мың мбэр, ал Қазақстанда - 140 миллирентген. Әрқайсымыз жылма-жыл рентгенге түскенде 0,04 – 7 рентген сәулесін алып отырамыз.

Атом энергиясын халық шаруашылығында дұрыс пайдаланбаудың, ядролық сынақтардың, радиоактивтік қалдықтарды дұрыс сақтамаудың нәтижесінде жер бетінде радиация мөлшері артуда. Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша нәрестелердің 4 % -ы генетикалық кемістікпен туады.

Келесі сөзді болашақ **метеоролог** (Балнұр) алып, экологиялық мәселелердің ауа райына, климатқа әсері жайында өз пікірін ортаға салды.

Келесі сөз кезегі «Зерде» газеттерінің және «Жасыл ел» телеарна өкілдеріне берілді.

- Сіздердің газеттеріңіз бен телеарнаңыз экология мәселесіне көңіл бөле ме, қандай жұмыстар жүргізуде?

«**Жасыл ел**» (Мадина) телеарна өкілдері:

-Табиғаттағы тепе-теңдік сақталу үшін әр түрлі бағытта шаралар ұйымдастырылса. Сонымен қатар, мектептерде экология сабағы жүргізілсін. Осы шаралардың орындалуын қаламыздағы Экология департаментіне тапсырылса деп ойлаймын. Еліміздің экологиялық қауіпсіздігін сақтау мақсатында ҚР Экология және табиғат қорғау министрлігі құрылып, барлық экологиялық жағдайлар ескеріліп отырады.

«**Зерде**» газетінің тілшілері (Димаш, Гулайша) - Каспийдің экологиясы туралы айтып кетсеңіздер.

Эколог: (Раяна) - Каспий теңізінің жалпы жағалауы – 7000 км. Қазақстандағы ұзындығы–2340 км. Каспий - тұйық теңіз. Ластану себептері: өндірістік қалдықтардың тасталуы, мұнай–газ, тау–кен кәсіпорындарынан төгілетін сулар мен мұнай төгінділері. Ластану салдары: мұнай өндіру жұмыстары таязда жүргізіліп, мұнай операцияларының экологиялық қауіпсіздігі толық сақталмауы Каспийдің биологиялық жүйесіне зардап келтіреді. Қорғау шаралары: Каспий теңізінің мәселесін Каспий маңы елдері – Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей,Түрікменстан бірлесе шешеді. Осы елдердің қатысуымен 2003 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы даму бағдарламасы бойынша «Каспий теңізінің табиғи ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция» қабылданып, 2006 жылы күшіне енді. Қазақстан Каспийдегі мұнай апаттарының алдын алу, реттеу ісіне ірі көлемде қаржы бөлуде. Каспий мәселесі осы 5 елді ойландырмай қоймады,жаңағы айтқан шараларды қолданып жатыр. Менің айтарым осы.

«Зерде» газеті: (Димаш, Гулайша) Ал, Балқаш туралы не ойлайсыздар?

Метеоролог: (Бибігүл) - Бұл сұрағыңызға мен жауап берейін. Орталық Қазақстанның оңтүстік құмды жерінде Балқаш көлі теңіз деңгейінен 340м. биіктікте, ұзындығы 600км.–ден астам. Ең терең жері – 26метр.

- Ластану мен тартылу себептері:

1.Қапшағайда су электр стансасы салуына байланысты Балқашқа құятын ең ірі Іле өзенінің бөгелуі.

2.Балқаш қаласындағы мыс қорыту комбинаты мен тағы басқа өндіріс орындарынан шыққан қалдықтардың көлге төгілуі.

-Экологиялық зардап:

1.Көлдің деңгейі бастапқы шамасынан 2 метрге жуық төмендеді.

2.Судың құрамында мыс, молибден және мырыш мөлшерінің көбеюі (14 – 15 есе) көлдегі тіршілік көздерін жоюда.

3.Көлдің флорасы мен фаунасына зиян келіп, нәтижесінде пайдалануға жарамсыз.

4. Лас су – жергілікті тұрғындар арасында көп тараған түрлі аурулардың (ішек, тері аурулары) негізгі көзі.

Болашақ мамандардың пікірлерін тындай келе, конференцияға қатысып отырған оқушылар төмендегідей сұрақтар қойды:

1. Егер озон қабаты тесілсе, «ақыр заман» болады дейді. Осы сұраққа қалай жауап алуға болады?

2. Біздің елімізде суды мұнай қалдықтарынан тазартуда және қорғауда қандай экологиялық шаралар жүргізілуде?

3. Радиация, яғни сәулелі ауруға ұшыраған адамдардың ең алғашқы белгілері қандай?

4. Радиация орталығында отырған (Семей полигоны, Абай ауданы) тұрғындарға қандай жеңілдіктер бар?

5. Ауданымызда, қаламызда, мектебімізде қандай экологиялық жұмыстар, шаралар жүргізілуде?

6. Ауаның, судың, қоршаған ортаның ластануы болашақ ұрпақ өміріне және оның демографиялық дамуына қандай зияны бар?

Қойылған сұрақтарға болашақ мамандар және қатысып отырған мұғалімдер жауап берді.

Қорытындылау. **Мұғалім:** Ал, құрметті конференцияға қатысқан қонақтар! Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бірлесіп бәріміз бір кісідей ат салыссақ, ісіміз алға басары анық. Еліміздің экологиялық қауіпсіздігін сақтау мақсатында ҚР Экология және табиғат қорғау министрлігі де құрылды. Ал енді әр экологиялық баспасөз конференцияға тән қағида, соңында қаулы қабылдау.

1.Табиғатты тиімді пайдалану:

а) зерттеу; б)қорғау; в)игеру; г)қайта құру; д)үнемді технология қолдану.

2.Табиғат қорғау мәселелерін шешу жолдары.

3.Экологиялық саяхат.

4.Халықаралық экологиялық ұйымдар құру.

5. «Жасылдар қозғалысы» жұмысын жалғастыру.


Бастаушы: -Осымен біздің экологиялық пресс конференциямыз аяқталды. Құрметті қонақтар, осындай экологиялық бағдарламаға келіп бізге мәнді де, мағыналы мәліметтер бергендеріңізге рахмет айтамыз. Бұл кездесу Жер туралы, Қазақстанның экологиясының қорытындысы ретінде өтті. Бар ғаламшар сіздерге ғана сенеді, сіздер жердің келешегісіздер. Келешекте Жер ғаламшары, Қазақстан Жері таза болсын!


ИСМАГУЛОВА ДАМЕШ НУРМАКОВНА
Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің №70 мектеп-лицейі

**СҰЙЫЛТЫЛҒАН ҚЫШҚЫЛДАРДЫҢ КАРБОНАТТАРЫМЕН
ӘРЕКЕТТЕСУІ**

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі 7.3А Мектеп 70 мектеп- лицей. Нұр-Сұлтан қаласы Химиялық реакция Мұғалімнің аты жөні : ИсмагуловаД.Н. Күні Сынып 7			
Сабақ тақырыбы	Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі. № Практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция »		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары оқу бағдарламасына сілтеме	7.2.2.4 Сұйылтылған қышқылдардың бірқатар карбонаттармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газына сапалық реакция		
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар	Көпшілік оқушылар	Кейбір оқушылар
	Реакцияны зерттейді	Сұйытылған қышқылдардың карбонаттармен реакцияларын жазады	Газды қалай анықтағанын жазады.
Бағалау критерийі	Сұйытылған қышқылдардың бірқатар карбонаттармен реакциясын зерттейді. Көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жасайды.		
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: индикатор,сынауық, тұрғы, газ жүретін түтік, реактив, қауіпсіздік ереже. Диалог жасау үшін тіркестер: Қышқылдармен жұмыс жасау қауіпті, себебі..... теріні күйдіреді.		
Құндылықтарға баулу	Жалпыұлттық идеяларды жүзеге асыру(жаһандық жылыну), адалдық, жауапкершілік		
Пәнаралық байланыс	биология.		
АКТқолдану дағдылары	Интербелсенді тақта және суреттермен жұмыс		
Алдыңғы бөлім	.7,3А Химиялық реакциялар		

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс әрекет	Ресурстар					
Сабақтың басы 0-2минут 2-5 минут	I.Ұйымдастыру бөлімі. Сыныпта ынтымақтастық қалыпты оқу ортасын қалыптастыру. Сергіту сәті «Көңілді күн» Біз барлығымыз суретке қарап бүгінгі тақырыбымызды болжап көрейік. II.Өткен материалдысөздерге қарап, қайталау Металл , сутек, су, қышқыл, «пах» мына сөздердің арасында қандай байланыс бар? Біз барлығымыз суретке қарап бүгінгі тақырыбымызды болжап көрейік. Барлық оқушыларды жұмылдыру. Суреттен нені көріп тұрсыңдар?   Осы сурет бойынша сабақтың тақырыбы шығады.	https://youtu.be/TwD0jZdUuC8 Слайд 1-3 Биология пәнімен байланыстыру					
Сабақтың ортасы 5 -28 минут	Тақырып ашылғаннан кейін топқа бірігеді. Түрлі түсті қағаздарға жасырылған химиялық құрал - жабдықтардың суреті бойынша топқа бірігеді. <table border="1"><tr><td>Тұрғы</td><td>Сынауық</td><td>Газ жүретін түтік</td><td>Қышқыл ерітіндісі</td><td>Тұз (карбонат)</td></tr></table> Кейбір оқушыларды жұмыллыру. Тапсырма: Берілген суреттердегі құралдардың атын айту және қолдану Мақсаты: Химиялық құралдардың аттарын білу, қолдану. Дескриптор: Білім алушы: Құралдардың атын біледі	Тұрғы	Сынауық	Газ жүретін түтік	Қышқыл ерітіндісі	Тұз (карбонат)	
Тұрғы	Сынауық	Газ жүретін түтік	Қышқыл ерітіндісі	Тұз (карбонат)			

	Оларды қолданады Дағды қалыптасады: есте сақтау және қолдану Барлық оқушылар: Мақсаты: Көмірқышқыл газына сапалық реакцияны жасайды 1. Көмірқышқыл газын алу аспапты суретте көрсетілгендей жинау. 2. Сынауыққа кальций немесе магний карбонатының аз мөлшерін салу, 2-3мл тұз қышқылының ерітіндісін құю. 3 Газ жүретін түтігі бар тығынмен жабу, екінші ұшын әк суы бар сынауыққа орналастыру. 4.Бақылау жүргізу. 5. Жұмыс бойынша қорытынды шығару. Жүргізілген реакциялардың теңдеуін сөзбен жазу. Көпшілік оқушылар: Мақсаты: Реакция жасау және сөзбен жазу Бірқатар карбонаттарды сұйытылған қышқылдармен реакциясын жасайды және өз бақылауларын жазып алады. Олар газ бөлінгендігін көреді. Бұл кезеңде олар реакцияны тек сөзбен жазады. Сабақты бекіту «Дұрысын тап» ойынын ойнату Ойын шарты: Сұрақтың дұрыс жауабын анықтау 1. Теріге қышқыл ерітіндісі тигенде қандай затпен бейтараптайды? Ас содасы, ас тұзы, натрий карбонаты Жауабы: ас содасы 2.Әк суын ұзақ мерзімде қалай сақтаймыз? Сутек газы жоқ жерде, көмірқышқыл газы жоқ жерде, оттегі жоқ жерде Жауабы: көмірқышқыл газы жоқ жерде 3.Қышқылдық ортада лакмустың түсі қалай өзгереді? Қызыл, көк, түссіз Жауабы: қызыл	Оқулық, химиялық құрал -жабдықтар 
Сабақтың соңы 28-30 минут	 Бәрі түсінікті!  Түсінбедім!	

	 Сұрақтарым бар! Бүгінгі сабақтың мақсаты жүзеге асырылды ма?	
Саралау -оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілетті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау –оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Барлық оқушылар: Реакцияны зерттейді	Өзара бағалау (смайликтер) және қалыптастырушы бағалау	Қышқылмен жұмыс жасау ережесі
Көпшілік оқушылар: Карбонаттардың сұйытылған қышқылдармен реакциясын жаза алады.		
Кейбір оқушылар: Газды қалай анықтағанын жаза алады.		
Сабақ бойынша рефлексия		

КАРАГУЛАНОВА АЙЖАН СМАКАНОВНА
Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің №70 мектеп-лицейі

ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ИНДУКЦИЯ. ГЕНЕРАТОРЛАР



Пәні: Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі: Электромагниттік құбылыстар Күні: Сынып: 8 сынып	Мектеп: № 70 Мұғалімнің аты-жөні: Карагуланова Айжан Смакановна Катысқандар: Қатыспағандар:
Сабақ тақырыбы	Электромагниттік индукция. Генераторлар.
Осы сабақта жүзеге асатын оқу мақсаты	8.4.3.6. Электромагниттік индукция құбылысын түсіндіру 8.4.3.7. Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру.

Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар істей алады: - Гальванометрдің тілшесінің көрсетуі ток бағытының өзгерісін анықтайды және электромагниттік индукция құбылысын түсіндіре алады. - Тұйықталған контурдағы индукциялық токтың пайда болуын түсіндіре алады. Көптеген оқушылар істей алады: - Генераторында индукциялық токтың пайда болуын көрсете алады. Кейбір оқушылар істей алады: - Энергетика саласында электромагниттік құбылыс қандай роль атқаратынын көрсете алады.
Ойлау деңгейі	Білу, түсіну, қолдану
Бағалау критерий	- Электромагниттік индукция құбылысын сипаттай алады. - Электромагниттік индукция құбылысы қандай шарттарда орындалатынын айта алады. - Дүние жүзі мен Қазақстанда электр энергиясын өндіруге қатысты мысалдар келтіре алады.
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: - индукциялық токтың генераторы - электромагниттік индукция құбылысы Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:
Құндылықтарды дарыту	Еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу
Пән аралық байланыс	Математика
АКТ-ны қолдану дағдылары	Слайдтар, интербелсенді тақта Bilimland.kz (сілтемесі керек)
Косымша білім	Электр құбылыстарын талдай алады.

Сабақ барысы:

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері және мұғалімнің іс - әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы 8 мин	- Сәлемдесу - түгендеу	Сәлемдеседі Сыныпта жоқ	

	• Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу • топқа бөлу (шарғы, гальванометр, магнит суреттері бейнеленген) арқылы 3 топқа бөлу. Мұғалім барлық оқушыларға табыс сәттілік тілеймін. • Үй тапсырмасын сұрау «Доп лақтыру» әдісі Оқушыларға допты лақтыру арқылы сұрақтар қояды. 1. Қандай күш Ампер күші деп атайды? 2. Ампер күшінің бағытын қалай анықтайды? 3. Магнит өрісінде тогы бар рама қалай қозғалады? 4. Тұрақты токтың электрқозғалтқышының құрылысы қандай? 5. Электрқозғалтқышта ток бағытының алмасуы қалай жүзеге асады? 6. Магнитті электр жүйелердің өлшеуіш аспаптары қалай әрекет етеді? Дескрептор: - Оқушылар әтілген тақырыптарды еске түсіреді; - Білімдерін жинақтайды; - Мадақтау арқылы бағаланады.	оқушыларды айтады. Әр оқушы себеттегі құралдың суреті бойынша үш топқа бөлінеді  Оқушылар допты қағып алу арқылы мұғалімнің сұрағына жауап береді.	Ойын добы
Сабақтың ортасы 9 мин Жаңа тақырыпты ашу  10 мин	«Миға шабуыл» әдісі  1. магнит және соленоид (видео) 2. электр тогының индукциясы (видео) Stop-кадр Әр топқа құралдар таратылады. Интербелсенді тақтадан сілтеме бойынша бейне көрініс қосады. Қандай құбылыс дұрыс?	https://www.youtube.com/watch?v=HmcOk2BUtoA Әр топ жасаған және көрген тәжірибелерін көрғайды, түсіндіреді. Интербелсенді тақтадан сілтеме бойынша бейне	https://bilimland.kz/kk/courses/physics-11/elektromagnit-indukciya/lesson-11-1

			https://bilimland.kz/ https://bilimland.kz/
8мин 	 Дескриптор: • Электромагниттік индукция құбылысын 1 видео арқылы түсініп, сипаттай алады; • Электромагниттік индукция құбылысы қандай шарттарда орындай алатындығын 2 видео арқылы анықтай алады; • Тапсырманы орындау арқылы теорияны практикамен ұштастырады. • «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаланады. • «Сәйкестендіру» әдісі  1.МЕТАЛЛ ДЕТЕКТОРЫ 2.МЕТАЛЛ ІЗДЕГІШ 3.ВЕЛОСИПЕД СПИДОМЕТРЫ 4.ВЕЛОСИПЕД ГЕНЕРАТОРЫ 5.ЖЕЛ ЭНЕРГИЯ СТАНЦИЯСЫ 6.ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯ ТУРБИНАСЫ 7.КҮН ЭНЕРГИЯ СТАНЦИЯСЫ	кәріністі кәреді. Қандай құбылыс екендігін анықтайды. Топта дұрыс жауапты тапқан соң, не себепті басқа тұжырымдар сәйкес келмейтіндігін дәлелдетеді. Электромагнитті к индукцияның ашылуына дейін, негізгі ток көздері зарядтар мен батареялар болды. Электр станцияларында электромагнитті к индукция тоқты тез тудырады. Бұл құбылыс әртүрлі құрылғыларда кәп қолданыс тапқандығын анықтайды. Өз көзқарасын, пікірін білдіре алады.	

	Дескриптор: - Электромагниттік индукцияға қатысты мысалдар келтіреді; - Берілген суреттерді атауларына қарай сәйкестендіре алады; - Өз кәзқарасын, пікірін білдіре алады. - Смайликтер арқылы бағаланады.		
Үйге тапсырма беру	«Дүние жүзі мен Қазақстанда электр энергиясын өндіруге қатысты менің үлесім». Оқушыларға ойтолғау жазуға тапсырма беріледі.	Ойтолғау жазады.	
Сабақтың аяғы (Рефлексия) 5 мин	«Бес саусақ» әдісін слайд арқылы көрсету Стикермен жауаптарын жапсыру 	стикерлер	

Саралау-сөз жоспар қолдауды қалай басымырақ қолдауды көрсетуді жоспарлайсыз?	Бағалау – оқушылардың меңгерген білімдерін қалай тексеруді жоспарға енгізіп отырсыз?	Денсаулық пен техникасын қорғау
Барлық оқушылар: Тапсырмалар топпен жұмыс істеуге арналған; ❖ Зерттеу барысында қосымша видео материалдарына сүйенеді; ❖ Тапсырманы орындау барысында көмек қажет ететін оқушыға уақыт беріледі; Барлық оқушыға, топтарға бағытталған нұсқау берілді; ❖ Диалог және қолдау; Оқушылар үнемі бағаланып отырады; ❖ Өз ойын, пікірін еркін, анық айта алады.	Сабақтың әр кезеңінде мадақтау арқылы, смайликтер арқылы, бірін бірі бағалау арқылы жүргізілді.	Қауіпсіздік ережесін сақтау.

МУКАЖАНОВА БАЯН КЕНЖЕТАЕВНА

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №70 мектеп-лицейі

АЛГЕБРАЛЫҚ БӨЛШЕК ЖАНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАСИЕТІ

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 7.4А Алгебралық бөлшектер		Мектеп: 70 мектеп-лицей Мұғалімнің аты-жөні: Мукажанова Баян Кенжетаевна	
Күні:			
Сынып: 7			
Сабақтың тақырыбы	Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті		
Сабақтың түрі	Бекіту сабағы		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу; 7.2.1.17 алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу; 7.2.1.18 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: $\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$		
Сабақтың мақсаты	Барлығы: Бөлшек рационал өрнектің мүмкін мәндері бөлшектің бөлімін нөлге айналдырмайтын айнымалылардың мәндері екенін біледі; Басым бөлігі : Алгебралық бөлшектің негізгі қасиеттерін есеп шығару барысында қолданады; Жекелеген оқушылар: Жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындайды және талдайды;		
Бағалау критерийі	-Алгебралық бөлшектің анықтамасын біледі; -Алгебралық бөлшектің мүмкін мәндер облысы ұғымын біледі; -Алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер облысын табады; -Алгебралық бөлшектердің айнымалылардың берілген мәндеріндегі өрнектің мәнін табады.		
Тілдік мақсаттар	Пәндік лексика және терминология - айнымалы; -айнымалының мүмкін мәндер жиыны; - мүмкін болмайтын мәндер жиыны -рационал өрнек -алгебралық бөлшек -бүтін өрнек -бөлшек өрнек -бөлшектің негізгі қасиеті		

Құндылықтарға баулу	Мәңгілік ел» идеясы негізінде «Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астана», қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім құндылығы арқылы жауапкершілікке, әділдікке тәрбиелеу.																										
Пәнаралық байланыс	«Информатика пәні» арқылы ақпараттық технологиялар оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, интернет бағдарламалардың бірі - интербелсенді тақта және смартфон ,ұялы телефон																										
Алдыңғы білім	Алгебралық бөлшек																										
Сабақ барысы																											
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері		Ресурстар																								
Сабақтың басы (5 мин)	1. Сабақта психологиялық ахуал туғызу және ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Президентіміздің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» жобасының 5-міндетінде Отандық мәдениет 6 тілде сөйлеуі тиіс- деп атап көрсеткенін негізге ала отырып, сабағымыз әр елдің амандасу салтымен басталады. Қазақтар – қол алысады; Итальяндықтар – «құшақтасады»; Бразилиялықтар – «бір-бірінің иығын қағады»; Македониялықтар – шынтақпен; Никарагуалықтар – иықпен амандасады; Австралиялықтар- шапалақпен амандасады. Үй жұмысын тексеру Жүппен жұмыс 1-тапсырма: «Ширату жаттығулары» әдісі арқылы оқушылар алған білімін қолдану, нақтылау және оқушылар белсенділігін арттыру мақсатында қолданылады.. Берілген өрнектердің қай алгебралық өрнекке жататындығын кестеде «+» таңбасын қою арқылы белгілейміз <table><tr><th>өрнектер</th><th>Бүтін</th><th>бөлшек</th></tr><tr><td>$\frac{y}{2}$</td><td></td><td></td></tr><tr><td>$\frac{1}{y}$</td><td></td><td></td></tr><tr><td>$\frac{2a}{5}$</td><td></td><td></td></tr><tr><td>$1\frac{3y}{5}$</td><td></td><td></td></tr><tr><td>$\frac{xz}{y}$</td><td></td><td></td></tr><tr><td>$\frac{y}{n}$</td><td></td><td></td></tr><tr><td>$\frac{100}{100}$</td><td></td><td></td></tr></table>		өрнектер	Бүтін	бөлшек	$\frac{y}{2}$			$\frac{1}{y}$			$\frac{2a}{5}$			$1\frac{3y}{5}$			$\frac{xz}{y}$			$\frac{y}{n}$			$\frac{100}{100}$			Интерактивті тақта үлестірмелі материал слайд Кесте-1
өрнектер	Бүтін	бөлшек																									
$\frac{y}{2}$																											
$\frac{1}{y}$																											
$\frac{2a}{5}$																											
$1\frac{3y}{5}$																											
$\frac{xz}{y}$																											
$\frac{y}{n}$																											
$\frac{100}{100}$																											

	<table> <tr> <td>$\frac{12}{ab}$</td><td></td><td></td></tr> <tr> <td>$\frac{1}{3}x$</td><td></td><td></td></tr> <tr> <td>$\frac{4}{5a}$</td><td></td><td></td></tr> <tr> <td>$\frac{7}{9n}$</td><td></td><td></td></tr> </table> Дескриптор: -Алгебралық бөлшектің анықтамасын біледі; -Бүтін өрнек пен бөлшек өрнектердің айырмашылығын ажырата алады; Кері байланыс. Алгебралық бөлшектің қандай қасиеттерін білесіңдер? Жұптық жұмыс <u>«Кім жылдам?»</u> Мақсаты: Ұйымшылдыққа, ынтымақтаса, бірлесе отырып жұмыс жасау арқылы, нәтижеге қол жеткізу. 2 тапсырма а) $\frac{3x}{x-y}$ бөлшегін бөлімі $(x - y)^2$ болатын бөлшекке келтір б) $\frac{x}{x^2+4}$ -өрнегінде айнымалының мүмкін мәндерін көрсетіңдер в) $\frac{1}{3x^2}$; $\frac{5}{6xy^2}$; $\frac{7}{12xy^3}$ бөлшектерінің ортақ бөлімін табыңдар Дескриптор: а) алгебралық бөлшектің негізгі қасиеттерін біледі; -бөлшекті ортақ бөлімге келтіреді; б) бөлшек- рационал өрнектің бөлімін нөлге айналдыратын санды табады немесе оның жоқ екеніне көз жеткізеді; -ММЖ аралық түрінде жазады; в) бөлшекті ортақ көбейкішіне қысқартады; - негіздері бірдей дәрежелерді бөлу ережесін қолданады; ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып оны түзетуге бағыттау мақсатында білімдерін жетілдіреді. Кері байланыс. Айнымалының мүмкін мәндері деп нені атайды?	$\frac{12}{ab}$			$\frac{1}{3}x$			$\frac{4}{5a}$			$\frac{7}{9n}$			Интерактивті тақта үлестірмелі материал
$\frac{12}{ab}$														
$\frac{1}{3}x$														
$\frac{4}{5a}$														
$\frac{7}{9n}$														
Сабақтың ортасы (20 мин)	Жеке жұмыс 3 тапсырма Деңгейлік тапсырмалар Интерактивті тақта арқылы өз-өздерін бағалайды. Берілген тапсырманы жүзеге асырудасаралап оқытудың «Күрделендіру»қағидасы қолданылады. <table> <tr> <td>А деңгейі</td><td>В деңгейі</td><td>С деңгейі</td></tr> </table>	А деңгейі	В деңгейі	С деңгейі	Интерактивті тақта кеспе қағаздар https://biimland.kz/ru үлестірмелі материал									
А деңгейі	В деңгейі	С деңгейі												

	$1) \frac{6a^2y^2}{18ay} =$ $2) \frac{3a+12b}{6ab} =$ $3) \frac{m^2-n^2}{(m+n)^2} =$ $4) \frac{10a^2b(x-y)^2}{5a^4b(x-y)^3} =$ $1) \frac{4x^2+8xy}{x+2y} =$ $2) \frac{x^2+2xy+y^2}{3x^2-3y^2} =$ $3) \frac{3a+9}{a^3+27} =$ $4) \frac{a+a^2}{a^2-1} =$ $1) \frac{1+4x+x^2}{x^3-64} =$ $2) \frac{5m^2+10mn+5n^2}{5m^2-5n^2} =$ $3) \frac{9xy-27x^2}{(y-3x)^3} =$ $4) \frac{x^3+2x^2y}{x^2+4xy+4y^2} =$	Л
	Дескриптор: - негіздері бірдей дәрежелерді бөлу ережесін қолданады - қысқаша көбейту формуласын тиімді қолданады -Алгебралық бөлшектің негізгі қасиеттерін қолданып бөлшектеді қысқартады. ҚБ «Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өз-өздерін бағалайды. Қызыл - түсінбеймін, сары- сұрағым бар, жасыл - барлығы түсінікті. Кері байланыс: Рационал бөлшектің негізгі қасиеттері қандай мақсатпен қолданылады?	
Сабақтың соңы (13 мин)	Қорытынды 4 тапсырма Жеке жұмыс Тест. 5 есептен тұратын тест алу арқылы балалардың білімдерін тексеру. 1. Айнымалының қандай мәнінде $\frac{x+2}{x^2-9}$ бөлшегінің мағынасы болмайды? А) 9-дан басқа барлық сандар Б) -2 –ден басқа барлық сандар С) -3 пен 3-тен басқа барлық сандар Д) кез келген сан 2. а – ның қандай мәнінде $\frac{a-12}{5+a}$ бөлшегінің мағынасы болмайды? А. 12 В. 5 С.-5 Д. 0 3. $\frac{3x+2}{x(x-6)}$ бөлшекті өрнегінде x –айнымалысының мүмкін мәндерін тап А. $(-\infty ; 0)$ В. $(0; -6)$ С. $(-\infty ; 0) \cup (0; 6) \cup (6+\infty;)$ Д. $(6+\infty;)$ 4. $2a-b = 5$ ескеріп ,бөлшек рационал өрнегінің мәнін табыңдар: $\frac{(b-2a)^2}{4a-2b}$ А. 5 В. 2,5 С.-2,5 Д. 1	Алгебра оқулық 7 сынып А.Е.Әбілқасымов, Т.П. Кучер Алматы «Мектеп» 2017 жыл. Интерактивті тақта https://join.quizizz.com

	5. $x=-2$ болғанда $\frac{x^5+3x^4}{x^3-2x^2}$ бөлшегінің мәнін табындар A. 1 B. 4 C. -1 D. 3 ҚБ: Оқушылардың алған білімдерін ұялы телефон арқылы анықтау. 5- Жарайсың! 4- Бұдан жақсы істей аласың 3- Талпын 1-2 Ерінбе ,қайтала Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі. Қағаз бетіне қолыңызды қойып, саусақтарыңызды айналдыра сызады. Әр саусақтың өзінің мәні бар, солар бойынша өз ойын білдіре отырып, жан-жақты қарастырады. 1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды 2. Сұқ саусақ – мен бүгін түсіндім. 3. Ортаңғы саусақ – мен үшін қиын болды. 4. Төртінші саусақ – менің бағам , өйткені... 5. Шынашақ – Мен білгім келеді. Үйге тапсырмасы. оқулық, 224 бет №38.9	
--	---	--

МЫРЗАЛИЕВА АЙНҰР ЕРАЛЫҚЫЗЫ

*Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бірлік ауылы.
С.Қожанов атындағы №55 жалпы орта мектебі*

МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ

Бүгінде білім берудің барлық деңгейлерінде жаңғыру жүргізілуде, оқытудың әлемдік деңгейге сәйкес озық технологиялары енгізілуде, сапалы білімнің бәсекеге қабілеттілік жүйесі құрылуда, педагогтердің мәртебесі мен беделін көтеруге бағытталған білім беру жүйелері жаңғыруда. Қазақстанның білім беру саласындағы осындай жүйелі өзгерістері әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр. Мемлекетіміз өзгерісті ең алдымен ұстаздар қауымынан бастағаны тіптен орынды деп санаймын. Себебі, кез келген бастаманың, жаңарудың жаршысы әрі тікелей ықпал етушісі, әрине, ұстаздар қауымы десем асыра айтпаған болармын. Мектептің биылғы оқу жылының, яғни 2019-2020 оқу жылының проблемалық тақырыбы: оқытудың жаңа инновациялық технологияларын енгізу арқылы жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруға, кәсіби білім беруге мүмкіндік тудыру және оны жүзеге асыру; ал мақсаты: мұғалімдерге өз бетінше жұмыс істеу, іздену, оқушы дағдыларын қалыптастыра отырып, берілген тапсырманы нақты нәтижеге бағыттау, ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жеткізу.

Жаңа цикл туралы, яғни мектептің даму жоспарына өзгеріс енгізу үшін негізгі басымдықтарды анықтауда мектептің бастапқы деректері арқылы қорытынды жасау жеткіліксіз. Сондықтан мектеп қызметкерлерінен, ата-аналардан, оқушылардан сауалнама

және сұхбат арқылы қосымша деректер іздестірдік. Соның нәтижесінде төмендегідей басымдылықтар анықтап, бөлімдерге бөлдік. Онда: « Оқыту мен оқу» , «Ғылыми – әдістемелік қызмет», «Тәрбие қызметі», «Әлеуметтік-психологиялық қызмет», «Ата - ана қызметі» әр бөлімнің миссиясы анықталып , күтілетін нәтижесі белгіленіп , іс-шара жоспары жасалынды. «Оқыту мен оқу» бөлімінің миссиясы: мұғалімдердің сабақ барысында заман талабына сай оқу ресурстарын тиімді, жүйелі қолдануын жүзеге асыру, сабақ барысында бірыңғай талаптың орындалуын тұрақты қамтамасыз ету және заман талабына сай бағалау жүйесіне өзгерістер енгізу ,қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жетілдіру. Ал, нәтиже және табыс критерийлері ; сабақ құрылымын нәтижеге бағыттай жоспарлау;сабақта оқушылардың белсенділігін, ынтасын арттыру; Оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін арттыру; білім сапасының артуына қол жеткізу; оқушыларды бағалаудың жаңа критерийлерін қолдану: оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау; оқушылардың өзін-өзі және өзара бағалау жүйесін енгізу; оқушыларды өзіне және өзгелерге сын көзбен қарауға дағдыландыру; қабілетті және үлгерімі төмен балалармен жұмыс жүргізу; Психологиялық ахуалды оңалту.

Ал, «Ғылыми әдістемелік қызмет» миссиясы: «Талантты және дарынды» оқушылармен жұмыс бағытындағы мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру. «Тәлімгерлер мектебінің» жұмысын жаңа үлгіде ұйымдастыру және міндеті мен мақсатын айқындау. Сабақ барысын басқарудағы мұғалімнің құзыреттілігін жетілдіру. Дарынды оқушыларды танудың озық әдістерін меңгерту. Оқушыларды терең зерттеп, жеке оқушының бейімділік бағытын анықтауға дағдыландыру. Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру. Тәлімгерлікті жаңаша жоспарлауға дағдылану . Тәлім алушыларға сапалы сабақ берудің әдіс-тәсілдерін меңгерту.

«Тәрбие қызметі» миссиясы: Оқушылар арасында құқықбұзушылықты (әлімжеттік) болдырмау бағытындағы жұмыстарды жетілдіру. Оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру. Құқықбұзушылықтың алдын-алу бағытындағы сынып жетекшілердің жұмысын жетілдіру. Оқушылар арасында өзара ынтымақтастық қарым-қатынас орнату. Оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын жетілдіру. Оқушылардың мамандық таңдау құзіреттіліктерін жетілдіру. Арнаулы оқу орындарымен серіктестікті нығайту .Тәжірибелі маман иелерімен кездесу арқылы өмірде қажетті мамандықтардың табыстылығына көз жеткізу. Жоспарланған шара: семинар «Құқықбұзушылық және оны болдырмау жолдары».

«Әлеуметтік-психологиялық қызмет» миссиясы: оқушылардың өзін-өзі бағалау жүйесін жетілдіру. Жағдаяттарға өз бетінше талдау жасай білуге дағдыландыру. Оқыту барысында оқушылардың жеке даму (қабілеті) ерекшеліктерін ескеру. Өз бетінше оқып - үйренуге дағдыландыру. Оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсарту. Қатарластарын сыйлай білуге дағдыландыру. Мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты дұрыс жолға қою; Оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру. Жұмыс жүргізу түрі : Тренинг «Жедел есте сақтау қасиетін дамытуға арналған жаттығулар».

«Ата-аналармен жұмыс» миссиясы: Оқу- тәрбие үрдісінде ата-анамен бірлескен жұмысты дамыту. Ата-анамен бірлескен құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын жетілдіру . Мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікті жетілдіру; Ата-аналар жиналыстарын жаңа форматта өткізу; Үштік одақтың бір-біріне сенімділігін арттыру; Ата-аналардың құқықтық жауапкершілігін арттыру; Құқық қорғау органдарымен серіктестікті жетілдіру; Бірлескен жұмыс нәтижесінде ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру

Қорытындылай келе, ата-аналардың белсенділігі артады, құқықтық жауапкершілігі артады. Оқушылар сабақты дайын түрінде қабылдамай өз еңбегімен, ал, мұғалімдер сыни тұрғыда ойлау технологиясын сабақтарында үнемі қолданады деп ойлаймын.

ИСАЕВ СЕРІКБАЙ

*Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы,
С.Қожанов атындағы № 55 жалпы орта мектебінің
алғашқы әскери даярлық пәні мұғалімі*

БАЯНДАМА ОҚУШЫЛАРҒА ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Еліміздің ертеңгі сенімі – жас ұрпақтың бойына туған жерге, халқына деген сүйіспеншілікті оятып, патриоттық сезімге баулу, білімді, өнегелі ұрпақ етіп өсіру – қазіргі қоғамның өзекті тақырыбына айналуға.

Ел өміріндегі бірқатар проблемаларды шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезімге, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты. Қасиетті хадис: “Отанды сүю иманнан-дүр”, дейді. Елін сүю, Отанын қорғау қашаннан ер жігіттің парызы болған. “Отаншыл сезім жас ұрпақ бойына қайдан беріледі? “Отан от басынан басталады”, дейтін халықтың ұрпағы бұл сенімнен шыға алып жүрме? Қазіргі күні жастарымыздың бойындағы отаншыл рух, патриоттық сезім қай деңгейде?” деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық.

Әскери-патриоттық тәрбие — азаматтардың, әсіресе жоғарғы сынып оқушыларының, бойында жоғары патриоттық сезімді, өз Отанына деген берілгендік сезімдерін тәрбиелеуді қалыптастыру жөніндегі маңызды бағыттардың бірі. Қазақстанның баянды болашағы өскелең ұрпақтың қолында. Жасұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеу отбасынан бастау алып, білім ошақтарында жалғасын табады. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу – барлық оқу орындарының, барлық пәндердің, соның ішінде «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің алдында тұрған басты міндет.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің мақсаты-азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өзелі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға дайындығын тәрбиелеу. Әскери-патриоттық тәрбие жастардың бойында патриоттық сезім мен азаматтықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі жұмыстың пәрменділігін арттыру үшін әскери бөлімдер

жеке құрамының Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен және жергілікті соғыстар ардагерлерімен кездесулер өткізіліп тұрады.

Ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу – қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары болған. Ата – бабаларымыз кең далада өмір сүрген де, сондықтан оларға «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім - тәрбие, ғибраталмаған халықтың ұрпағы - тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы - батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

Қазақ халқы – намысты қолдан жібермеген ержүрек, батыр халық. Батыр халықтың ұрпағы екенімізге мақтана отырып, ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық дәстүрімізді жалғастыру, “Отан үшін жанпида” деген аталыс өзді ұлықтау – біздің басты мақсатымыз.

КЕМЫЛБЕКОВА ГҮЛЗИНА ОҒАРБЕКҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы,

Бірлік ауылы, С.Қожанов атындағы

№55 жалпы орта мектебінің қазақ тілі

мен әдебиеті пәні мұғалімі

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Орыс педагогы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарындардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті сабақта пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі- оқытудың

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Педагогикалық технология-мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе-білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы-мектеп, ал мектептің жаны-мұғалімдердің басты міндеті-өз ұлтының тарихын, мәдениетәнін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. «Сабақ беру-үйреншікті жай шеберлік емес, ол-үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген, Жүсіпбек Аймауытов.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі- тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. К.Д.Ушинский айтқандай, «Мұғалім тек өз пәнінен сабақ беріп қана қоймауы керек, сонымен қатар тәрбиеші, адал, әділетті шыншыл адам болуы керек» Олай болса, әр мұғалім сабаққа қойған үш мақсатының үшеуіне жетіп, білім мен тәрбиені ұштастыруымыз керек.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай оқытудың сапасын арттыру мәселесі жаңа оқыту технологияларын өз дәрежесіне сай қолдануға да тікелей байланысты. Мұны Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы мынадай жолдар «...білім беруді дамыту үшін оқытудың озық жүйелері мен технологияларын әзірлеу мен енгізу» талап етіп отыр. «Адам ұрпағымен мың жасайды»-дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні- қараң, келешегі-тұман», -деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі мұғалімдердің алдында тұрған басты міндет-оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі-жаңа технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақты ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдіссін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдалану тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Ұстаздардың алдындағы міндет- жеке тұлғаның дамуына жағдай жасап, шәкірттерді жан-жақты даярланған азамат етіп шығару. Өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, мемлекеттік тілді сауатты меңгеруге қалыптастыру. Жалпы білім аймағында тілдерді оқыту ең басты орын алады. Олоқушының қарым-қатынастық мәдениетін қалыптастырады, танымдық, инабаттылық, эстетикалық мәдениетін дамытады. Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үрдісін технологияландыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Технология мен әдіс –тәсілдің ара-жігін ажырату да қарапайым мұғалім үшін кейде қиын болып жатады.

Бүгінгі күннің талабы- сабақтың сапасын арттыра отырып, сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу. Осы мақсатта қазақ тілі мен әдебиеті

пән мұғалімдері сабақ өту әдістерін толықтырып, әр уақытта ізденісте болады. Қазіргі уақыт талабына сай мен де өз сабақтарымды жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынып отырамын. Қазіргі кезде жалпы орта білім берудің мақсаты мен міндеттері, іс мазмұны едәуір өзгерістерге ұшырап, жаңаша мәнге ие болады.

Сабақ-мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. Күнделікті сабақтағы бір сарындылық оқу-оқушылардың пәнге қызығушылығын жояды. Сондықтан сабақты ыңғайына қарай түрлендіріп өтсе, сабақтың мазмұнын аша түседі. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырудың бір жолы сабақты жаңа тәсілмен өткізу болып табылады. Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін арттырады. Оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, ойлау қабілетін дамытып, білім танымын кеңейтеді.

Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығына, еркін шығармашылығына, өздігінен ізденушілігіне ойындардың тигізетін үлесі зор. Ең бастысы оқушының ой-ниеті мен сапасын ынталандырып, әр тарауды оқып аяқтаған соң, сабақтан тыс ойын сабақтар ұйымдастырудың маңызы зор. Әсіресе, ойын сабақтарды пысықтау сабақтарында қолдану тиімді. Сабаққа дайындық барысында оқушылар әр түрлі газет-журналдарды, көмекші құралдар мен анықтама кітаптарды пайдаланады, яғни бір сөзбен айтқанда оқушылардың өз бетінше шығармашылық ізденіспен жұмыс жасау қабілетін арттырады. Ең бастысы ойындар оқушылардың көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, қабілетін арттырады. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б.Элькониннің сөзімен айтсақ: «Ойын – ол адамдардың арасындағы әлеуметтік арақатынас, практикалық білімдері мен қызметі». Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Бала үшін ойын-өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсіне біледі, адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады. Ойын оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысы технологиясы ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тактаны қолданудың маңызы өте зор.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқытудың маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өзжетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс.

Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, балалар ойынына қатысты мәселелерге соқпай кеткен ағартушы, педагог болмаған екен. Тұлғалы, кезіндегі прогрессивті ұлы педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцций халықтық ойынға назар аударып, қолданып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның балалардың денін сауықтыратынын, ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А.Коменский дәріптеген. Ж.Ж.Руссо пікірінше білім алу ойынның балалар өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт болады.

Қорыта келгенде, ойын балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп-өркендей алмайды. Бұл-өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақтілі

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған.

**ЖУМАБАЕВ МЕЙРАМГАЛИ КОНЫСБАЕВИЧ
АЙТМАГАМБЕТОВ КЕНЖЕБЕК МАРЯКОВИЧ**

*Н.Құлжанова атынжағы
Торғай гуманитарлық колледжі,
Қостанай облысы, Арқалық қ.*

**ФОРТЕПИАНОНЫҢ СҮЙЕМЕЛДЕУІМЕН ОРЫНДАЛАТЫН
ШЫҒАРМАЛАРМЕН ЖҰМЫС**

Домбыра қазақ халқының ең кең тараған ішекті музыкалық аспабы. Домбыра аспабы халықтың кәсіби өнердің қалыптасуына негіз болған. Білім алушыға домбыра тарту шеберлігін дұрыс меңгертуге, өнерге деген ынта-ықыласын өсіріп, эстетикалық талғамын арттыруға, музыканы дұрыс тындап, тереңдей түсіне білуге тәрбиелеу болып табылады. Сол себепті оқытып үйрету сабақтары домбыра репертуарының озық үлгілері негізінде біртіндеп белгілі бір жүйемен жүргізілгені орынды. Домбыра тартудан бұрын білім алушының аспабы ыңғайлы ұстап дұрыс отырып үйренуінің мәні өте зор. Оқытушы мұны жіті қадағалап әр кез назар аударып отыруы тиіс. Домбырашының жалпы музыка танымы аспапты игеру тәсілдерімен тығыз байланыста қатар дамып отыруы керек. Күйшілікті домбыра тарту өнерінің шыңы дейміз. Ендеше, бұл өнерді мұрат тұтқан жас өнерпаздың дәстүрлі орындаушылық ерекшеліктерді мұқият үйренуі-болашақ шеберлікке апарар жолдың алғашқы сұрлеуі болмақ. Осыған орай, мұғалім сабақ барысында шәкіртінің ой-өрісі мен қабілетіне қарай күй өнерін жан-жақты талдап, тереңдете түсіндіріп отыруы тиіс. Болашақ күйші үшін өз бойындағы импровизаторлық қабілетін оятып, оны әрі қарай дамытудың өзіндік мәні бар. Бұл-күйшілік өнерге тән дәстүрлі қасиеттердің бірі. Білім алушының сан түрлі шығармаларды домбырада фортепианоның сүйемелдеуімен, орындап, музыка мәдениетінің озық үлгілерімен кеңінен танысуы оның ойнау шеберлігінің артып, ой-өрісінің кеңейе түсуіне игі ықпал етеді. Бұл істі тыңғылықты жүзеге асыру үшін оқытушы білім алушыны осы орындаушылық өнердің қыр-сырына тиянақты түрде баули білуі керек. Білім алушы орындаушы-музыкант ретінде аспапта ойнау процесі арқылы қалыптасып жетіледі. Сондықтан оқытушының сабақты творчестволық шабытпен тартымды ұйымдастырып, әдістемелік-эстетикалық тәжірибенің озық үлгілерін ұтымды қолдана білуі қажет. Оқытудың негізгі-көркем шығармамен жұмыс жасау. Мұнда білім алушы өзінің кәсіби білімін толықтырып, тәжірибе жинақтайды. Ең бастысы шығарманы өз бетінше үйреніп, орындауға дағдыланады.

Күй-қазақтың ертеден келе жатқан аспаптық музыкалық шығармасы. Қазақта артына өлмес, өшпес мұра қалдырып кеткен көптеген ұлы күйшілер бар. Олар әріпті таяқ деп білмейтін, нота дегеннен тіпті бейхабар болса да, өз халқының өзегін өртеген мұңын мұндап, жоғын жоқтап, көптеген тамаша күйлер шығарған. Сол, сары алтындай күйлері тот баспай біздің заманымызға

аман жетті. Қазіргі таңда домбырада тек қана күй емес, фортепианоның сүйемелдеуімен шығармалар орындалып жүр. Дүние жүзі халықтарының ән-биін, профессионал-композиторлардың шығармаларын фортепианоның сүйемелдеуімен орындау-домбыра тарту өнерінің бір саласы. Бұл домбырашының басқа елдердің музыка мәдениетімен жақын танысуына, ой-өрісінің жан-жақты дамып, әр түрлі музыка аспаптарының орындаушылық ерекшеліктерінен хабардар болуына зор ықпал етеді. Сонымен қатар домбыраның қоңыр сазымен фортепианоның үндесуі шығарманың өз нақышымен орындалуына үлкен септігін тигізеді. Әншіні немесе жеке орындаушыны фортепианомен, сырнаймен немесе ансамбль, оркестрмен қостану-«сүйемелдеу» деп аталады. Сүйемелдеушіні-концертмейстер (неміс тілінен аударғанда-сүйемелдеуші) дейді.

Фортепианоның сүйемелдеуімен домбырада шығармаларды орындаған кезде әртүрлі тәсілдерді қолданады. Мысалы: шертіп ойнау тәсілі-шығармаларда вариация орындағанда қолданады; қос ішекте қағып ойнау тәсілі-оң қолдың сұқ саусағымен төмен, ал, бас бармақпен жоғары қағып ойналады.

Домбырашыны музыкалық сауатын жетілдіру шыңдау мақсатында фортепианоның сүйемелімен халық әндерін немесе басқа ұлттың халық музыкасын домбыраға лайықтап өңделген түрін ойнату керек. Шығарманы нотамен талдау арқылы техникалық қиындықты меңгереді, жеңе біледі (он алтылық ноталар, паузаны санау, тыңдай білу, ритмикалық суретін талдай, күрделі қағыстарды алу, дыбыстан-дыбысқа көшу тәртібі т.с.с.). Шығарманы ансамбльмен тартудың тағы бір пайдасы баланың есту қабілетін, есте сақтау қабілетін дамытады және шығармашылыққа тәрбиелейді.

Ұлттық музыканың өнер қуаты мен күйдің күштілік қасиетін домбыра арқылы білім алушы сезіміне жеткізу арқылы музыкалық сауаттылығын арттыру, күйге, өнерге, домбыраға деген қызығушылығын оята отырып, эстетикалық тәрбие береміз.

Фортепиано сүйемелімен шығарма тартып үйрену үшін алдымен аспаппен танысуымыз қажет. Фортепиано-ішекті соқпалы-клавишті аспап. Фортепианоның екі педалі болады, ол дыбысты қатты немесе жайлап шығару үшін қолданылады. Фортепианоның дыбыс шығаратын соқпалы балғашықтары мен ішектері сырт кескіні құстың қанатындай типылданған сандық ішіне орналастырылады. Фортепианоның ұзындығы 150-ден 270 см-ге дейін, ал ені 150 см болады. Фортепианода ойнау үшін арнайы көптеген музыкалық шығармалар жазылған. Оның диапазоны өте кең жоғарғы-төменгі регистрлерді қамти отырып түрлі жанрдағы, характердегі шығарманы ойнай алады. Домбыраның фортепианомен қосылып ойнауы-ансамбльмен ойнау яғни «бірге ойнау» деген сөз.

Сабақтың өту уақытында білім алушыға жаттығуларды қайта тартқызу әр шығарманы тартқанда білім алушының аспапты ұстауын оң қол мен солдың қойылымын қатаң қадағалап отыру. Әр қағысты алғанда аспаптың дыбысын бақылау, әрбір әлді үлесті кезекпен алып, сөйлеммен, фразамен

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

жұмыс жасау. Аппликатураны қатаң сақтау. Позиция өзгерту барысында білім алушыға психологиялық көмек беру. Шығармадағы ырғақтың өзгерісіне байланысты қағыстың да өзгеруін түсіндіру.

Жай екпінде шығарманы фортепианомен қосылып ойнау. Білім алушының қызығушылығын арттыру үшін оқытушының ойнап беруі дұрыс.

Фортепиано сүйемелімен шығарма тартып үйрену кезінде оқытушы мына міндеттерді білгені жөн. Домбырада фортепианоның сүйемелдеуімен орындалатын шығармалар туралы түсінік беру; кездесетін қағыс түрлерімен таныстыру; білім алушының музыкалық білімін ашу; нотаны жүргізіп оқуға үйрету, сауаттылығын арттыру; музыкалық шығарманы өз мәнінде орындауға үйрету, түсініп тыңдай білуге тәрбиелеу.

Шығармада қос ішекте орындалатын тремоло штрихы көп кездеседі. Тремоло дегеніміз – бір немесе бірнеше дыбыстың өте жиі қайталануы. Ол дыбысты ұзақ ұстап тұру үшін немесе әуенді әрлеу үшін қолданылады. Қос тремоло сұқ саусақ пен бармақ арқылы қол буынының әртүрлі қимыл қозғалысымен орындалады.

Домбыра тарту өнерінің бір саласы-фортепианоның сүйемелдеуімен орындалатын шығармалар.

Шағын пьесаны фортепианоның сүйемелдеуімен ойнаудың ерекшелігі домбыраның қоңыр сазымен фортепианоның үндесуі шығарманың өз нақышымен орындалуына септігін тигізеді.

Ойнау барысында фортепиано мен домбыра аспабын үндестіріп, ансамбль жасау. білім алушының орындаушылық шеберлігін шыңдау. Фортепиано сүйемелдеуімен домбыра аспабына арналған шығарманы үйрету арқылы білім алушылардың қызығушылықтарын арттыру. Әлемдік музыкаға баулу және шығарманы түсініп өз мәтінінде ойнауға үйрету, сонымен қатар эстетикалық тәрбие беру.

Шығарманы орындап үйрету. Фортепианомен қосылып шығармалар орындауға байланысты дыбыс шығару (штрих перне басу т.б әдіс-амалдар). Европаның классикалық аспаптарынан алынып, домбыраға арналып жазылған шығармаларды жиі ойнату.

Концерттік қойылымдар оқушының шығармашылық ынта-жігерін дамыта отырып, оның өз жұмысына, ойындарына шығармашылық тұрғыдан қадам жасауына ықпал етеді. Мұндай жұмыстар білім алушының болашақта талантты музыкант, өнерлі өнерпаз болуы үшін өте маңызды. Домбырашы мұғалімінің бірден-бір мақсаты-болашақ орындаушы-музыкантты көп ұлтты музыка рухында тәрбиелеп, баулу. Ол үшін оқытушы музыкалық-эстетикалық сезімін жетілдіре түсуі қажет. Жас музыканттарды аса көрнекті композиторлардың творчествосы ретінде оқыту, үйрету қазіргі кездегі әрбір домбырашы мұғалімнің маңызды міндетті болып табылады.

Домбыра-қазақ халқының өмірінен елеулі орын алатын, өзіндік репертуары, дәстүрі бар музыкалық аспап. Домбырада тек қана күй емес, фортепианоның сүйемелдеуімен түрлі шығармалар ойнап, домбыраның мүмкіншілігін кеңінен пайдалану арқылы орындаушылық шеберлігімізді

шындай аламыз. Сондықтан қазақ халқының қазынасы қара домбыраны кастерлей білейік.

КУНПАЙСОВА ГУЛЬНАРА

*Түркістан облысы, Кентау қаласы,
Құмтүйін елді мекені «Құлыншақ»
балабақшасының тәрбиешісі*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында балалардың үнемі өзгерістерге бейім болуы мен жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды басым бағыты ретінде айқындады. Әрине, бұл басым бағыттардың бірі. Білімнің алғашқы сатысы болып табылатын балабақша мекені – үздіксіз білім жүйесі.

Бұл тың бағдарлама мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын бағдарлама болды. Осы тұста оқытудың парадигмасына өзгерістер еніп, балабақша тәрбиешілері жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқытылып жатыр. Мен де өз кезегімде ізденісті бастап, білімді жетілдірдім. Бала тәрбие мен білім үлкен жауапкершілікті талап етеді. Осыған орай оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндетім болып табылады. Осы тұста мен өз тәжірибеммен бөліскім келіп отыр.

Мен таным білім саласының қараша айына құрылған бір айлық перспективалық жоспарымның бірінші аптасы және циклограммасына жаңартылған бағдарламадан алған білімім бойынша өзгеріс енгіздім. Осы сала бойынша оқу қызметіме үш ойынды негіздедім, ойындардың барысында 4К моделі, диалог орын алады деп ойладым және тәжірибемде маған қаншалықты тиімді болатынын байқағым келді.

Ойын балалардың назарын аудару, көңілін аулау, қызықтыру үшін жүзеге асырылатын, таңдау бойынша іске асыруға болатын әртүрлі іс-әрекет түрлерін қамтиды. Ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдану балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Тәрбиелеу мен оқытуға арналған ойындарды да үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын;
- құрлымдалған ойын;
- еркін ойын.

Мен осы тәжірибемді қарапайым математика ұғымдарын қалыптастыру ұйымдастырылған оқу-іс қызметімнен бастадым.

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

Тақырыбы: «5 көлемінде санау»

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

Мақсаты: 5 көлемінде санау, заттарды үлгі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Балалар 5 көлеміндегі заттарды санай алады. Сандарды ретімен атайды

Құрлымдалған ойын: «Мен бес заттың атыны білемін»

Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдысын дамыту.

Тиімділігі: командамен жұмыс болды, диалогқа түсті, сыни ойлау орын алды.

Тиімсіз жері: Екі топқа бөлуде уақыт көп кетіп қалды, топпен жұмыс жасап дағдыланбағаннан бір-бірімен орын таласып қала берді.



Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Құрастыру»

Тақырыбы: «Үлгі бойынша құрастыру»

Мақсаты: Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру

Күтілетін нәтиже: Әр түрлі пішіндегі конструкторлармен ойынға арналған ғимарат құрастыруды үйренеді.

Еркін ойын: «Біздің үй»

Мақсаты: Құрылыс материалдарын өз бетінше тандау және құрастыру дағдысын қалыптастыру

Тиімсіз жері: Оқу қызметіндегі уақытты үнемдей алмадым.

Тиімді жері. Топтық жұмысқа дағдылана бастағанын байқадым. Бір-бірлерін үдеріске тартып, командалық жұмыс болды. Сыни ойлана алды, қарым-қатынасқа түсті, идеяларын қалыптастыра алды.



Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Жаратылыстану»

Тақырыбы: «Тірі табиғат»

Мақсаты: Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байыту.

Күтілетін нәтиже: Балалар бөлме өсімдіктері түрімен танысады және олардың қоршаған ортаға келтіретін пайдасы туралы айтады.

Педагог жетекшілігімен жүргізілеті ойын:

«Жапырағына қарай ажырат»

Мақсаты: Тірі табиғатты қоғамдық өмірдегі қарапайым себебін байланыстыру дағдысын қалыптастыру

«XXI ғасырдағы білім берудің әдіс-тәсілдері : теория, практика» III

Тиімділігі: Екі топқа болуде уақытым көп кетпеді. Топтық жұмысқа дағдылана бастады. Командалық жұмыс болды, коммуникативтілік орын алды, сыни ойлана білді.



Міне, ізденіс пен үздіксіз білім алып, тәжірибе алмасу арқасында біз біршама өзгерістер мен жаңа идеяларға тап келеміз. Жаңа ой, жаңа бағыт, көп ізденіс бізді шыңдайды. Балалардың ойын арқылы ойнып өсітінін ескерсек, ойынды сауатты ойната білген жөн. Бұл менің жаңартылған білім мазмұнындағы алғашқы жетістіктерім деп білемін.

ЖАБИКЕНОВА САЛТАНАТ

*Қызылорда қаласы, Абылай хан атындағы
№140 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

**ҚАЗАҚ ТІЛІ: ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК АҒЫЛШЫН: CAN
ЕТІСТІГІ**

Пәні: қазақ тілі мен ағылшын тілі (кіріктірілген сабақ)	
Сабақтың тақырыбы	Қазақ тілі: Дара және күрделі етістік Ағылшын: can етістігі
